**Бекітемін:**
**№11 «Балапан» бөбекжай-балабақша меңгерушісі**
**А.Ерішова** ____________

**Тексерілді:**
**Балабақша әдіскері**
**Ж.Исатаева** ____________

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУДА ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ЕРЕСЕК ТОБЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

**№6 «Балдырған» тобы**

**Тәрбиешілер: Бахытжан А**
**Шүкірәлі А**

**2020-2021жыл**

**№11 «Балапан» бөбекжай – балабақшасы**

**Бекітемін:**
**№11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасының**
**меңгерушісі: А.Еришова**

**№6 «Балдырған» ересек тобының**

**ұйымдастырылған оқу қызыметінің кеçтесі**

**2020-2021 оқу жылы**

| Апта күндері Білім саласы | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Денсаулық -3** | | Дене шынықтыру -1 | | Дене шынықтыру -1 | Дене шынықтыру-1 |
| **Қатынас -2,5** | Сөйлеуді дамыту-1 | | Көркем әдебиет-1 | | Орыс тілі-05 II-IV апта |
| **Таным-2,5** | | Жаратылыс тану-1 | | Математика негіздері-1 | Құрастыру -0,5 I-III |
| **Шығармашылық-3,5** | Музыка -1 | | Сурет салу-1 | Мүсіндеу-0,5 I-III апта | Музыка -0,5 I-III апта Жапсыру-0,5 II-IV апта |
| **Әлеумет-0,5** | | | | Қоршаған ортамен танысу-0,5 II-IV апта | |
| **Вариативтік компанент-2** | | Вариативтік компанент «Хатха-йога» | Вариативтік компанент «Әнші балапан» | | |
| 4 жастан бастап балалардың ұйымдастырылған оқу қызыметінің жалпы көлемі -12 | | | | | |
| Вариативтік компанент -2 | | | | | |
| Барлығы -14 сағат | | | | | |

## №11 «Балапан» бөбекжай – балабақшасы

**Бекітемін:**
**№11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасының**
**меңгерушісі: ________А.Еришова**

# Күн тәртібі

## №6 «Балдырған» ересек тобы

## 2020-2021 оқу жылы

| | |
|---|---|
| Балаларды қабылдау.<br>Ата-аналармен әңгімелесу.<br>Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б )<br>Таңертеңгілік гимнастика (5мин) | 8.00-08.30 |
| Таңғы ас | |
| Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық | 8.35 – 9.00 |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі | 09.00-09.10 |
| Серуенге дайындық | 9.10– 10.10 |
| Серуен | 10.10-10.20 |
| Серуеннен оралу | 10.20-12.00 |
| Түскі ас | 12.00-12.30 |
| Түскі ұйқы | 12.30-13.00 |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары | 13.00-15.30 |
| Бесін ас | 15.30-16.00 |
| Ойындар, дербес әрекет. | 16.00-16.30 |
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс | 16.30-17.00 |
| Кешкі ас | |
| Серуен | 17.00-17.20 |
| Балалардың үйге қайтуы | 17.30-18.00 |
| | 18.00-18.30 |

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУДА ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫПТАР бойынша Ересек тобының перспективалық жоспары**

**Қыркүйек айы**

**Өтпелі тақырып « Балабақша»**

**Мақсаты:** Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану негізінде балалардың ауызша қарым-қатынас жасау дағдыларын, танымдық ой-өрістерін, шығармашылық, эстетикалық талғамдарын және жеке тұлғаның әлеуметтік білім, біліктерін жетілдіру.

**Міндеттері:**

1. **Қ**имыл әрекеттерін ұйымдастырудың түрлі нысандарында қимылдарды дұрыс орындау, негізгі қимыл түрлерін және денсаулықты сақтау негіздерін жетілдіру;
2. Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту;
3. Сенсорлық қабілеттерін, танымдық қызғушылықтары мен шығармашылық қиялдарын жетілдіру;
4. Сезімдік қасиеттері, эстетикалық талғамдары және бейнелеу дағдылары мен музыкалық білімдерін кеңейту;
5. Отансүйгіштік сезімдерін күшейту және өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту.

| **Тақырыпша** | **Денсаулық-3**<br>Дене шынықтыру-3 | **Қатынас-2,5**<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-0,5<br>Орыс тілі-0,5 | **Таным-2,5**<br>Математика негіздері-1<br>Құрастыру-0,5<br>Жаратылыстану1 | **Шығармашылық-3,5**<br>Музыка-1,5<br>Сурет-1<br>Мүсіндеу-0,5<br>Жапсыру-0,5 | **Әлеумет-0,5**<br>Қоршаған орта-0,5 |
|---|---|---|---|---|---|
| **І апта «Менің балабақшам»** | **Дене шынықтыру Жетекші жоспарымен жүргізіледі.** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:«Балабақша үйіміз».**<br>**(сурет бойынша әңгімелеу)**<br>**Мақсаты:** Балабақша туралы түсінік беру, достарына қамқор болуға тәрбиелеу. Сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байыту. Үлгі | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Біздің бала бақшада»**<br>**Мақсаты:** Әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерді қалыптастыру. Заттарды салыстырып | **Музыка**<br>**Жетекші жоспарымен жүргізеледі**<br><br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы:« Түрлі түсті шарлар»** (заттық сурет салу) | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бойынша әңгіме құрастыра алу.<br>**Дидакти-қ ойын: «Менің балабақшам»**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Әдептілік» өлеңі.**<br>**Мақсаты:**Өлеңді түсініп, есте сақтауға үйрету.<br>Балаларға тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтауға, өлеңнің мазмұнына өз көзқарасын білдіруге үйрету.<br>**Дидакти-қ ойын: «Мен әдепті баламын»** | қою арқылы оларды санамай-ақ жұптарын салыстыру.<br>Салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету.<br>**Дид-қ ойын: «Балабақша**<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Біздің балабақша және оның ауласы»**<br>**Мақсаты:** балабақшаның ауласындағы және маңайдағы кейбір ағаштардың, бұталардың түрлері жайлы білімдерін қалыптастыру;<br>**Дид-қ ойын: «Ағашты тап»** | **Мақсаты:**заттардың үлгі бойынша олардың өзіне тән ерекшеліктерін: пішінін, пропорциясын және заттар мен олардың бөліктерінің орналасуын ескере отырып сурет салуға үйрету;<br>**Дидакти-қ ойын: «Балабақшада»**<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:«Менің көңілді добым»**<br>**Мақсаты:** мүсіндеудің таныс тәсілдерін пайдалана отырып, сазбалшықтан доп мүсіндеуді үйрету.<br>**Дидакти-қ ойын: «Балабақшада»** | |
| **II апта «Менің достарым»** | **Дене шынықтыру Музыка жетекшісі доспарымен жүргізіледі** | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Тақырыбы:«Алтын күз» әңгімелеу**<br>**Мақсаты:**Табиғатқа қамқор болуға үйрету.<br>Әңгімеге қатысу және тілді түсіну, тыңдау біліктерін жатқа айту.<br>Үлгі бойынша әңгіме | **Математика негіздері**<br><br>**Тақырыбы:«Біздің ойыншықтарыз»**<br>**Мақсаты:**теңді кем топқа үстемелей отырып немесе артық топтан бір затты алып тастай отырып, екі тәсілмен | **Музыка**<br>**Музыка жетекшісі жоспарымен жүргізіледі**<br><br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Менің досымның үйі» ( заттық сурет салу)**<br>**Мақсаты:** сурет | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: «Көліктер»**<br>**Мақсаты:**Көлік түрлерінің қолданысын(әуе,су,жерде жүретін көліктер) түрлерін ажыратып,айтып беруге үйрету.<br>Жүктің сипаты және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | құрастыруға үйрету.<br>**Дидакти-қ ойын:«Мен айтамын, досым жасайды»**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:«Үйшік» ертегісі**<br>**Мақсаты:** Ертегі кейіпкерлеріне жанашырлық таныту. Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету.<br>**Дидакти-қ ойын:«Мен айтамын, досым жасайды»**<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тақырыбы: «Менің достарым»**<br>**Мақсаты:** Достарына көмек көрсетуге үйрету. Сұрақтарға жауап беру кезінде орыс тіліндегі сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолдану дағдыларын бекіту.<br>**Дидактикалық ойын: «Достарым»** | орнатуға, "Қанша еді?", "Қаншасы қалды?" сұрақтарына жауап беруге үйрету;<br>**Дид-қ ойын: «Таныс пішіндер доминосы»**<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:«Достық үйі»**<br>**Мақсаты:** Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, үйді пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлдененінен орналастырырып құрастыруға үйрету.Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуін қалыптастыру.<br>**Дид-қ ойын: «Дұрыс, бұрыс»**<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «**Бөлме өсімдері»**<br>**Мақсаты:**балалардың бөлме өсімдіктері, олардың ерекшеліктері туралы білімдерін байыту.<br>Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышына күтім жасау,<br>**Дид-қ ойын: «Өсімдіктің досын тап»** | салудың техникалық дағдыларын жетілдіру. Суретте ашық және солғын түстерді пайдалану.<br>**Дидакти-қ ойын: «Досыңа көмектес»**<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Досымның үйі»**<br>**Мақсаты:** қағаз бетінде бейнелерді құрастыру, одан кейін оларды желімдеу;<br>Ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеуге үйрету. Желімді, сүлгіні қолдануды үйретуді жалғастыру.<br>**Дидакти-қ ойын: «Досыңа көмектес»** | қолданылуы машинаның құрылысына тәуелділігі туралы (жедел жәрдем,өрт сөндіру машинасы және тағы басқа)ұғымдары қалыптастыру.<br>**Дидакти-қ ойын: «Түстеріне қарай ажырат»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **III апта**<br><br>**«Менің сүйікті ойыншықтарым»** | **Дене шынықтыру**<br>**Дене шынықтыру жетекшсінің жоспарымен жүргізіледі** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:«Бақшадағы ойыншықтар»**<br>**Мақсаты:** Ұқыптылыққа, жинақылыққа тәрбиелеу.Ойындарды қолдану арқылы сөздерге қызығушылығы мен зейінін дамыту. Үлгі бойынша әңгіме құрастыруға үйрету.<br>**Дидакти-қ ойын:«Ойыншық атауындағы бірінші дыбысты айтайық»**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Ойыншықтар»өлеңі. Н. Әлімқұлов.**<br>**Мақсаты:** Өлеңді есте сақтауға үйрету, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Құрдастарына достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсету. Балалар өлеңдер мен тақпақтарды түсініп, есте сақтауға, өлеңнің мазмұнына өз көзқарастарын білдіруге үйрету.<br>**Дидакти-қ ойын:«Жаңа қуыршақ»** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** «Ойыншықтар дүкені»<br>**Мақсаты:**5 көлемінде санау, заттарды үлгісі бойынша және аталған саны бойынша санау дағдысын қалыптастыру.<br>**Дид-қ ойын: «Ойыншықтар дүкені»**<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:«Ойыншықтар әлемінде»**<br>**Мақсаты:** Балалардың ойыншықтардың қандай материалдан жасалғаны туралы мағлұматын кеңейтіп, қарапайым тәжірибелерді жүргізуге қызығушылықтарын, зейіндерін дамыту.<br>**Дид-қ ойын: «Ойыншықтарды атаймыз»**<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:«Достық үйі»**<br>**Мақсаты:** Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, үйді пластиналарды тігінен | **Музыка**<br>**Музыка жетекшісінің жоспарымен жүргізіледі**<br><br>**Музыка**<br>**Музыка жетекшңісінің жоспарымен жүргізіледі.**<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Менің сүйікті ойыншығым»)**<br>**( заттық сурет салу)**<br>**Мақсаты:** Домалақ пішінен доптының суретің салып, ирек сызықпен әшекейлеуді үйрету, шыдамдылыққа сыйласымды, қарым – қатынасқа тәрбиелеу, суретті қыл қаламен салу және бояу әдіс – тәсілдерін меңгерту.<br>**Дидакти-қ ойын: «Ойыншықты атай аласын ба?»**<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:«Қоян-менің сүйікті ойыншығым»**<br>**Мақсаты:** Ермексазды домалату,шымшу,жалпайту тәсілдерін қолдана отырып, қоянды мүсіндеуді үйрету, ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру.<br>**Дидакти-қ ойын: «Ойыншықты атай** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | және кірпіштерді, бөлшектерді көлдененінен орналастырырып құрастыруға үйрету.Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуін қалыптастыру.<br>**Дид-қ ойын: «Дұрыс, бұрыс»** | **аласың ба?»** | |
| **IVапта «Жиһаздар»** | **Дене шынықтыру**<br>**Дене шынықтыру жетекшісінің жоспарымен жүргізіледі** | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Тақырыбы:Үй жиһаздары. (байланыстырып сөйлеу)**<br>**Мақсаты:**Заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдермен байыту. Сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байыту. Тұрмыстық заттар және қоршаған табиғат заттарының мәнін түсіндіру.<br><br>**Дид-қ ойын: «Жиһаз атауына сөйлем құрайық»**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Үш аю» ертегісі (саусақ театры)**<br>**Мақсаты:** Ертегі кейіпкерлеріне | **Математика негіздері**<br><br>**Тақырыбы:Үйді жабдықтау**<br>**Мақсаты:**5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, "Нешінші? ", "Саны бойынша қайсысы?" сұрақтарына жауап беру дағдыларын дамыту;<br>**Дидактикалық ойын: «Жиһаздарды өз орындарына орналастыр»**<br><br>**Жаратылыстану**<br><br>**Тақырыбы: «Үй жиһаздары»**<br>**Мақсаты:** Қарапайым тәжірибелерді | **Музыка**<br>**Музыка жетекшісінің жоспарымен жүргізіледі**<br><br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Үй салу жиһаздары» ( Сандық)** (Сәндік сурет салу)<br>**Мақсаты:** . элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, жазықтықта оюларды орналастыру;<br>**Дидактикалық ойын: «Жиһаздарды өз орындарына орналастыр»**<br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Әжемнің** | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: «Заттық әлем»**<br>**Мақсаты:**Балаларды заттықәлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларынқалыптастыру .<br>Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білу біліктерін жетілдіру.<br>**Дидактикалық ойын: «Жиһаздарды орналастыр»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жанашырлық таныту. Ертегі желісін ретімен орындау. Әдеби кейіпкерлердің қылықтарын бағалау.<br><br>**Дидактикалықойын: «Сүйікті ертегім»**<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тақырыбы: «Бөлме жиһазы»**<br>**Мақсаты:**Тұрмыстық заттарға аса қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Заттардың кейбір қасиеттерін: түсін, пішінін, белгілерін атай білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Дидактикалық ойын: «Менің бөлмем»** | жүргізуге қызығушылықтарын, зейіндерін дамыту.<br>**Дидактикалық ойын: «Жиһаз сатып алдым»** | **сандығы»**<br>**Мақсаты:** Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>**Дид-қ ойын: «Сандықты әшекейлейміз»** | |

**Қазан айы, 2020жыл**

**Өтпелі тақырып «Менің отбасым»**

**Мақсаты:** инновациялық технологиялар негізінде балалардың отбасы туралы білім, білік, дағдыларын дамыту. Отбасындағы жағымды өзара қарым-қатынас пен оларға деген сүйіспеншілік сезімдерін жетілдіру.

**Міндеттері:**

1. Денаулықсақтау технологияларын қолдана отырып салауатты өмір салтын ұстану, дене шынықтыру жаттығуларын орындау қызығушылықтарын арттыру;

2. Отбасы, отбасындағы тұрмыс және халықтық дәстүрлер туралы түсініктерін кеңейте отырып, сөйлеу дағдыларын жетілдіру;

3. Танымдық-конструктивтік ойлау дағдыларын жан-жақты қалыптастыру;
4. Қоршаған ортадағы әсемдікті сезіне отырып, өз ойларын айта білуге, қиялдарын дамытуға ықпал жасау;
5. Отбасындағы салт-дәстүрлерді құрметтей отырып, рухани адамгершілік құндылықтарға баулу.

| **Тақырыпша** | **Денсаулық-3**<br>Дене шынықтыру-3 | **Қатынас-2,5**<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-1<br>Орыс тілі-0,5 | **Таным-2,5**<br>Матеметика негіздері-1<br>Құрастыру-0,5<br>Жаратылыстану1 | **Шығармашылық-3,5**<br>Музыка-1,5<br>Сурет-1<br>Мүсіндеу-0,5<br>Жапсыру-0,5 | **Әлеумет-0,5**<br>Қоршаған орта-0,5 |
|---|---|---|---|---|---|
| **І апта**<br><br>**«Менің отбасым, ата-аналар еңбегі»** | **Дене шынықтыру**<br>**Негізгі қимылдар:**<br>1.Түрлі бағытта жүгіру.1,5м қашықтықтан тігінен (нысана ортасының биіктігі 1,5м) нысанаға дәлдеп лақтыру.<br>Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру(2-3рет жүрумен кезектестіре отырып,10 рет секіру).<br>**Қимылды ойын: «Картоп жинау».**<br>2. 1,5м қашықтықтан тігінен (нысана ортасының биіктігі 1,5м) нысанаға дәлдеп лақтыру.<br>Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру(2-3рет жүрумен кезектестіре отырып, | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:«Менің отбасым»** (сурет бойынша әңгіме)<br>**Мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту.отбасы, отбасындағы тұрмыс, халықтық дәстүрлер, қаласы туралы айтып беру. Үлгі бойынша әңгіме құрастыруға қалыптастыру.<br>**Дид-қ ойын:«Отбасы мүшелерін ата»**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Күз» өлеңі**<br>**Мақсаты:** Отбасы мүшелерініңқасиеттерін көруге, әрекеттерін бағалауға тәрбиелеу. Балаларға өлеңдерді түсініп, есте сақтауға, | **Математика негіздері**<br><br>**Тақырыбы: «Менің бір күнім» (Сан мен санау)**<br>**Мақсаты:** Теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Салыстыратын топтар: бір көп, бір және екі,екі және үш және төрт, төрт және бес.<br>**Дид-қ ойын: «Біз отбасында нешеуміз?»**<br><br>**Құрастыру**<br><br>**Тақырыбы:«Асхана құралдары» (қалдық материалдармен жұмыс)**<br>**Мақсаты:** Балаларды табиғи материалдардан түрлі заттар даярлауға баулу. Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Дид-қ ойын: «Отбасындағы түскі ас»** | **Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Менің отбасым»<br>**Мақсаты:** Туыстарына деген сезімін әнмен жеткізуге баулу. Отбасы, ата-ана туралы әңгімелерін еркін жеткізуге мүмкіншілік жасау. Әнді таза дауыспен айтуға үйрету.<br>**Әуенді ырғақты қимыл**:<br>«Кеселермен би»<br>«Кең жайлау» А.Еңсепов<br>**Музыка тыңдау:**<br>««Жақсы көрем» Ғ.Дауылбаева<br>**Ән айту**: «Ата-ананы тыңдаймыз» Б.Бейсенова<br>**Ойын ойнау:** «Киіз үйлер»Музыкалық қимылды ойын<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Менің отбасым» | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 10 рет секіру).Заттар арасымен доптарды домалату.<br>**Қимылды ойын: «Анамызға көмектесейік».**<br>3. 1,5м қашықтықтан тігінен (нысана ортасының биіктігі 1,5м) нысанаға дәлдеп лақтыру.<br>Тақтай бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру.<br>8м дейінгі қашықтықта заттар арасымен тура бағыт бойынша төртағандап еңбектеу.<br>**Қимылды ойын: «Сәбіз жинау»** | өлеңнің мазмұнына өз көзқарасын білдіруге үйрету.<br>**Дид-қ ойын: «Отбасындағы мерекелер»** | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:«Бақшадағы мол өнім»**<br>**Мақсаты:**көкөністер мен жемістерді ажыратып, атау дағдыларын жетілдіру; табиғаттағы, жыл мезгіліндегі маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Дид-қ ойын: «Әкем егін жинады»** | **Мақсаты:** Туыстарына деген сезімін әнмен жеткізуге баулу. Отбасы, ата-ана туралы әңгімелерін еркін жеткізуге мүмкіншілік жасау. Әнді таза дауыспен айтуға үйрету.<br>**Әуенді ырғақты қимыл**:<br>«Кеселермен би»<br>«Кең жайлау» А.Еңсепов<br>**Музыка тыңдау:** ««Жақсы көрем» Ғ.Дауылбаева<br>**Ән айту**: «Ата-ананы тыңдаймыз» Б.Бейсенова<br>**Ойын ойнау:** «Киіз үйлер» Музыкалық қимылды ойын<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Менің тостағанымдағы ою-өрнектер» (сәндік сурет салу)**<br>**Мақсаты:**қазақ оюларының кейбір элементтерін салу; элементтердің реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау. Эстетикалық сезімдерін, ойлау қабілеттерін, ұсақ қол қимылдарын дамыту.<br>**Дид-қ ойын: «Отбасындағы түскі ас»** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:«Қоянға арналан сәбіз» (сәбізді жинау)**<br>**Мақсаты:** түрлі пішіндегі таныс заттарды және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша қоянға арналған сәбіз мүсіндеу<br>Ұқыпты жұмыс жасауға, үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Дид-қ ойын: «Әкем егін жинады»** | |
| **II апта**<br><br>**«Менің көшем»** | **Дене шынықтыру**<br>**Негізгі қимылдар:**<br>1.Түрлі тапсырмалармен жүгіру:шапшаң және баяу карқынмен., жетекшімен ауыса отырып жүгіру. Ені 20см, биіктігі 30см тақтай бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру, секіріп, қос аяқпен тұру.<br>**Қимылды ойын: «Торғайлар мен автомобиль»**<br>2. Ені 20см, биіктігі 30см тақтай бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру, | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Тақырыбы: «Жануарлар мен төлдері»**<br>**Мақсаты:** Жануарларға қамқор болуға үйрету. Жануарлар және олардың төлдерінің атауларын білдіретін сөздерді қолдану. Ойындарды қолдану арқылы сөздерге қызығушылығы мен зейінін дамыту.<br>**Дид-қ ойын:«Жануарлар әлемі»**<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>**Тақырыбы: «Адасқан құмырсқа» ертегісі** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:Менің қалам**(Геометриялық пішіндер)<br>**Мақсаты:**балаларды геометриялық пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) және геометриялық денелерді (куб,шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету;<br>**Дид-қ ойын: «Көшедегі әр-түрлі көліктер »**<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:«Біздің көше**(Құрылыс материалдарынан)<br>**Мақсаты:** Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және | **Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Менің көшем»<br>**Мақсаты:** Көшеде жүру ережесін сақтау, қауіпсіздікке баулу. Әннің сергек, ширақ, сабырлы сипатын және түстерді ажырата білу.<br>**Әуеңді ырғақты қимыл**:<br>«Марш» Ю.Энтин<br>**Музыка тыңдау:** «Бағдаршам» Қ.Қайым<br>**Ән айту**: «Күз тамаша!» С.Шынымов<br>**Ойын ойнау:** «Светофор-айрықшам» Ю.Чичков<br>**Сурет салу** | **Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы: «Жолда жүру ережелері»**<br>**Мақсаты:** Жолда ежүру ережесін саутауға,**көлік** түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргінші өтетін жол және жер асты өту), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Дид-қ ойын:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | секіріп, қос аяқпен тұру. Тақтай үстімен(8м) көлденең еңбектеу.<br>**Қимылды ойын: «Аялдамаға дейін...»**<br>3. Ені 20см, биіктігі 30см тақтай бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру, секіріп, қос аяқпен тұру. Доға астынан еңбектеп өту(биіктігі50см)<br>**Қимылды ойын: «Көшедегі көліктер»** | **Мақсаты:** Ертегі кейіпкерлеріне жанашырлық таныту. Ертегі желісін ретімен орындау. Әдеби кейіпкерлердің қылықтарын бағалау.<br><br>**Дид-қ ойын:«Құмырсқаның илеуіне жолды тап»**<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тақырыбы:«Менің көшем».**<br>**Мақсаты:**Өздері тұратын ауланы таза ұстауға тәрбиелеу. Күнделікті өмірде таныс сөздерді түсінуді және қолдана білуді қалыптастыру. Қысқа сұрақтарға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге үйрету.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Мен тұратын көше»** | кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңнен орналастыру.<br>**Үстел-үсті ойыны:«Көшедегі әр-түрлі көліктер»**<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:«Көшедегі қауіпсіздік»**<br>**Мақсаты:** сызбаны қолданып, ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыру;<br>үлгі бойынша құрастыру;<br>**Дид-қ ойын:«Көшедегі қауіпсіздік»** | **Тақырыбы: «Көшедегі көрініс»** (Сюжетті сурет салу)<br>**Мақсаты:** Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауын дамыту. Бояулармен, қарындаштармен, борлармен дәстүрлі және дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын жетілдіру.<br>**Дид-қ ойын: «Менің көшем» (Воскобовичтің дамытушы ойындары)**<br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы:«Менің аулам»**<br>**Мақсаты:** Заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша ара-қатынасын ескеру.<br>**Дид-қ ойын: «Менің көшем» (Воскобовичтің дамытушы ойындары)** | **«Бағдаршам белгілерін ажырат»** |
| **III апта** | **Дене шынықтыру**<br>**Негізгі қимылдар:**<br>1.1-1,5минут ішінде | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:«Ойыншықтар»** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Саңырауқұлақтарды** | **Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Үйдегі және көшедегі | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»** | баяу қарқынмен үздіксіз жүгіру. Көлбеу тактаймен(ені2см,биктігі30-35см) жоғары және төмен жүру мен жүгіру. Қапшықты нысанаға көздеп лақтыру (3м қаш.). **Қимылды ойын: «Өртті сөндіру»** 2. Көлбеу тактаймен(ені2см,биктігі30-35см) жоғары және төмен жүру мен жүгіру. Кегльдердің арасымен еңбектеп жүру. Гимнастикалық қабырғаға кез келген тәсілмен өрмелеу. **Қимылды ойын: «Бағдаршам» Негізгі қимылдар:** 3. Көлбеу тактаймен(ені2см,биктігі30-35см) жоғары және төмен жүру мен жүгіру. Қапшықты нысанаға көздеп лақтыру (3м қаш.). Гимнастикалық орындық үстінде еңбектеп жүру. **Қимылды ойын: «Абайлап көзде!»** | **Мақсаты:** Ойыншықтарды ұқыпты ұстап ойнауға тәрбиелеу. Заттарды және олардың тұрған орнын анықтау дағдыларын жетілдіру.әртүрлі тәсілдермен жаңа сөздер құру. **Дид-қ ойын:«Ойыншықтар топтамасы»** **Көркем әдебиет** **Тақырыбы: «Бағдаршам» өлеңі. С.Дүкенбай. Мақсаты:** Жол ережесін сақтауға тәрбиелеу.Балаларға өлеңдерді түсініп, есте сақтауға, өлеңнің мазмұнына өз көзқарасын білдіруге үйрету.дауыс күшін өзгертіп, түрлі интонацияда дыбыстау. **Дид-қ ойын: «Бағдаршамның түстері»** | **жинау»** **Мақсаты:** 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, «Нешінші?», «Саны бойынша қайсысы?» сұрақтарына жауап беру дағдыларын дамыту. **Дид-қ ойын: «Ормандағы қауіпсіздік» (Воскобовичтің дамытушы ойындары)** **Жаратылыстану** **Тақырыбы:«Табиғатты қорғайық» Мақсаты:**табиғат бұрышындағы тірі объектілерге күтім жасауға арналған құралдар туралы білімдерін қалыптастыру; **Дид-қ ойын:«Қауіпті және қауіпсіз заттар»** | қауіпсіздік» **Мақсаты:** Үйдегі және көшедегі қпуіпсіздікке үйрету. Музыкалық ырғақты қимылдарды орындауда жеңіл секірулер, жұптаса билеу дағдыларын қалыптастыру. **Әуенді ырғақты қимыл**: «Полька Янка» Беларус халық әуені **Музыка тыңдау:** «Бағдаршам» Қ.Қайым **Ән айту**: «Күз тамаша!» С.Шынымов **Ойын ойнау:** ««Светофор-айрықшам» Ю.Чичков **Музыка** **Тақырыбы:** «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік» **Мақсаты:** Үйдегі және көшедегі қпуіпсіздікке үйрету. Музыкалық ырғақты қимылдарды орындауда жеңіл секірулер, жұптаса билеу дағдыларын қалыптастыру. **Әуенді ырғақты қимыл**: «Полька Янка» Беларус халық әуені **Музыка тыңдау:** «Бағдаршам» Қ.Қайым **Ән айту**: «Күзгі жапырақтар» | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | П.Шайжанова<br>**Ойын ойнау:** «Күн суытты далада»<br>А.Айтуова<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Көшедегі бағдаршам»** (Заттық сурет салу)<br>**Мақсаты:** әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету. дөңгелек пішінді заттарды салу;Баланың ойлау, көру, қабілеттерін және ұсақ қол қимылдарын дамыту**.**<br>**Дид-қ ойын: «Бағдаршам қандай?»**<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:«Бағдаршам»**<br>**Мақсаты:**Қамыр кесектерінен мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Пропорцияларын сақтап, саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып, бағдаршамды мүсіндеуді үйрету.<br>**Дид-қ ойын: «Бағдаршам қандай?»** | |
| | **Дене шынықтыру**<br>**Негізгі қимылдар:** | **Сөйлеуді дамыту** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** | **Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Алтын | **Қоршаған орта** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **IVапта**<br><br>**«Алтын күз»** | 1.Орта жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40-50метрге жүгіру. Екі аяқпен бір орында тұрып, ұзындыққа секіру.Гимнастикалық орындық үстінен етпетінен жатып, шаян сияқты ішпен тартылып, орындықтың екінші басына шығу.<br>**Қимылды ойын: «Жапырақтарды жинаймыз»**<br>2. Екі аяқпен бір орында тұрып, ұзындыққа секіру. 5-6м.қаш.доғаның астынан еңбектеп өту.<br>Гимнастикалық орындық үстінде кедергілерден аттап жүру.<br>**Қимылды ойын:«Күн мен жаңбыр»**<br>3. Екі аяқпен бір орында тұрып, ұзындыққа секіру. Гимнастикалық орындық үстінен етпетінен жатып, шаян сияқты ішпен тартылып, орындықтың екінші | **Тақырыбы: «Жыл мезгілі. Күзгі табиғат»** (сурет бойынша әңгімелеу).<br>**Мақсаты:** табиғатқа аса қамқорлықпен қарауға үйрету. Қоршаған орта заттарыныңқлданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру. Сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байыту.<br>**Дид-қ ойын: «Бұл қай кезде болады?»**<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>**Тақырыбы: «Қияр мен капуста» ертегісі**<br>**Мақсаты:** көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету.<br>**Дид-қ ойын: «Көкөністерді тез жина»**<br><br>**Орыс тілі**<br><br>**Тақырыбы: «Күз»**<br>**Тақырыбы:**жыл | **«Бақшадағы жемістер мен көкөністер» (Геометриялық пішіндер)**<br>**Мақсаты:** 1 санымен таныстыру. Сандық топты белгілеу. Биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру.<br>**Дид-қ ойын: «Күзгі жемістер»**<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:«Жомарт күз!»**<br>**Мақсаты:**өлі табиғат нысандары- су, жер, ауа, күннің көзі туралы білімдерін кеңейту;<br>Табиғаттағы ауа райының жайын бақылауды және бақылау нәтижелерін табиғат күнтізбесіне белгілей білуді үйрету.<br>**Дид-қ ойын:«Күзгі ерекшеліктерді ата»** | күз»<br>**Мақсаты:** Күз бейнесін музыка, сюжетті бейнелер арқылы көрсете білу. Музыкаға әсерленуді байыту. Көңілді-көңілсіз музыканың интонациясын ажырата білу.<br>**Әуенді ырғақты қимыл**:<br>«Күзгі вальс» Қ.Шілдебаев<br>**Музыка тыңдау:** «Күз жомарт» Д.Ботбаев<br>**Ән айту**: «Күзгі жапырақтар» П.Шайжанова<br>**Ойын ойнау:** «Күн суытты далада» А.Айтуова<br><br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Күзгі жапырақтар» (таспалау әдісі арқылы сурет салу)**<br>**Мақсаты:**Қылқаламды дұрыс ұстауды, қағаздың үстінен жүргізуді үйрету.Қоршаған ортаның әсемдігін сезіне отырып,жапырақтың суретін салуды дағдыландыру.<br>**Дид-қ ойын: «Жыл мезгілін ата»**<br><br>**Жапсыру** | **Тақырыбы: «Ауыл мен қала өмірі ерекшелігі»**<br>**Мақсаты:** Өз туған елін құрметтеуге тәрбиелеуге құрметтеу.Қалалар мен ауылдардың атаулары,олардың көрікті жерлері,ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту.<br>**Дид-қ ойын: «Күзгі құпиялар»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | басына шығу.Құм салған қапшықты оң және сол қолмен алысқа лақтыру.<br>**Қимылды ойын:«Асқабақты домалатып жеткізейік»**<br>**Спорттық ойын: «Мен және менің отбасым»** | мезгілдері және табиғат құбылыстары жөнінде білімдерін кеңейту. Күнделікті өмірде таныс сөздерді түсінуді және қолдана білуді қалыптастыру. 2-3 сөзден тұратын сөз тіркестерін, сөйлемдерді құрастыру.<br>**Дидактикалық ойын:«Биші жапырақтар»** | | **Тақырыбы:Күзгі жапырақтар»**<br>**(Сюжетті аппликация)**<br>**Мақсаты:** Заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. сопақша пішіндерді қию дағдыларын жетілдіру. Тар жолақтарды көлденеңінен қию, шаршыдағы бұрыштарды қиюды бекіту.<br>**Дид-қ ойын: «Жыл мезгілін ата»** | |

**Қараша айы, 2020жыл**

**Өтпелі тақырып «Дені саудың жаны сау»**

**Мақсаты:** Денсаулық сақтаутехнологиялары негізінде балалардың спортпен шұғылдануға деген қызығушылықтарын арттыру. Балалар әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде олардың ауызша сөйлеу дағдыларын дамыту. Шығармашылықтары мен ойлау, қиялдау сезімдерін жетілдіру.

**Міндеттері:**

1. Спорттық ойындар мен жаттығу қимылдарын үйрету барысында балалардың белсенді қатысуы мен ынталануын қадағалау;
2. Құрдастары және ересектермен қарым-қатынас жасауда сөздік қорларын және сөйлеу мәдениетін дамыту;
3. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыру, ой-өрістерін кеңейту;
4. Балаларды құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.

| Тақырыпша | **Денсаулық-3**<br>Дене шынықтыру-3 | **Қатынас-2,5**<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-1<br>Орыс тілі-0,5 | **Таным-2,5**<br>Математика негіздері-1<br>Құрастыру-0,5<br>Жаратылыстану1 | **Шығармашылық-3,5**<br>Музыка-1,5<br>Сурет-1<br>Мүсіндеу-0,5<br>Аппликация-0,5 | **Әлеумет-0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу -0,5 |
|---|---|---|---|---|---|
| **I апта**<br><br>**"Өзім туралы»** | **Дене шынықтыру**<br>**Негізгі қимылдар:**<br>1.Сапқа тұру, құрылымын өзгертіп, қайта тұру. 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру. (сызықтардың ара қаш-ғы 40-50см). Қапшықты оң және сол қолымен көлдененінен нысанаға (2-2,5м.қаш-н) дәлдеп лақтыру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:«Менің мамандығым»**(сурет бойынша әңгіме құрастыру)<br>**Мақсаты:** Әдептілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен зат есімдермен байыту. Әртүрлі тәсілдермен жаңа сөздер құру.<br><br>**Дид-қ ойын: «Сүйікті мамандығым»** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:«Күн тәртібі»** (Уақытты бағдарлау)<br>**Мақсаты:** 2 санымен таныстыру. Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Дид-қ ойын: «Кім үйіне тез жетеді?»**<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:«Менің үйімнің қоршауы»** (Құрылыс | **Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Мен-өмірдің гүлімін»<br>**Мақсаты:** Балаларды елжандылыққа,тұлғалық сенімділікке тәрбиелеу.Ән айта отырып, мәтініне сай қимылдар жасауға үйрету.<br>**Әуенді ырғақты қимыл**:<br>«Күзгі вальс»<br>Қ.Шілдебаев<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Атамекен өрені» | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қимылды ойын: «Кім мықты?».**<br>2. 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру.(сызықтардың ара қаш-ғы 40-50см). Бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. Табан мен алақанға сүйеніп, төрттағандап еңбектеу.<br>**Қимылды ойын: «Маған қарай жүгір».**<br>3. 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру.(сызықтардың ара қаш-ғы 40-50см). Оң және сол қолымен көлдененінен нысанаға (2-2,5м.қаш-н) дәлдеп лақтыру.Басқа қап киіп, заттарды аттап өту, бұрылу.<br>**Қимылды ойын: «Менің соңымнан жүр»** | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Алма» ертегісі**<br>**Мақсаты:** Ертегі кейіпкерлеріне қамқорлық таныту.таныс ертегілердің мазмұнын айтып беру. Дауыс күшін өзгертіп, түрлі интонацияда дыбыстау.<br>**Дид-қ ойын: «Дауысынан таны»** | материалдарынан)<br>**Мақсаты:**Конструктор бөлшектерінен құрастыру.Үлгі бойынша әртүрлі текшелермен қора құрастыруды үйрету. Ұжымда жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.<br>**Дид-қ ойын:«Сен қандайсың?»**<br>***Жаратылыстану***<br>ТАҚЫРЫБЫ: «МЕНІҢ БАҚЫЛАУЫМДАҒЫ ТАБИҒАТ»<br>**Мақсаты:**күзгі табиғатты, олардың қарапайым өзгерістерін бақылау дағдыларын дамыту; адамдардың күзг әрекеттеріне балалардың зейін аудару дағдыларын қалыптастыру.<br>**Дид-қ ойын:«Жанды-жансыз»** | Б.Бүрісұлы<br>***Ән айту***: «Мен бір ерке баламын» Б.Жұмабекова<br>**Ойын ойнау:**<br>«Өз жұбыңды тап!» Қимылды ойын<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Мен-өмірдің гүлімін»<br>**Мақсаты:** Балаларды елжандылыққа,тұлғалық сенімділікке тәрбиелеу.Ән айта отырып, мәтініне сай қимылдар жасауға үйрету.<br>**Әуенді ырғақты қимыл**:<br>«Күзгі вальс» Қ.Шілдебаев<br>**Музыка тыңдау**: «Атамекен өрені» Б.Бүрісұлы<br>***Ән айту***: «Мен бір ерке баламын» Б.Жұмабекова<br>**Ойын ойнау:** «Өз жұбыңды тап!» Қимылды ойын<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Ертегідегі мақта қыздың мысығы»**<br>**Мақсаты: :**Дөңгелек, сопақша пішіндер арқылы заттардың суретін салуды үйрету, екі түрлі қылқаламмен жұмыс істеуді, шығармашылық қабілеттерін, ой-қиялын | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | дамыту, байқағыштығы мен көз мөлшерін, қолдың қимыл қозғалыс үйлесімділігін қалыптастыру; ұқыптылыққа тәрбиелеу<br>**Дид-қ ойын: «Өзің жақсы көретін үй жануары»**<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** «Биші қыз»<br>**Мақсаты:** заттарды толық пішіні алынғанға дейін немесе жайылған пішінінің жиектері иілгенге дейін сығымдау.<br>**Дид-қ ойын: «Мен қандаймын?»** | |
| **II апта**<br><br>**«Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»** | **Дене шынықтыру**<br>**Негізгі қимылдар:**<br>1. Қатарға бір-бірден сапқа тұру.Қолын жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұру. 50см.жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіру. 20-25см.биіктікке секіру<br>**Қимылды ойын: «Көкөністерді жина»**<br>2. Қолын жоғары | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:«Не дәмді?» ертегісі**<br>**Мақсаты:** Ертегі кейіпкерлерге жанашырлық таныту. Шағын әңгімелер мен ертегілерді мазмұндау. Әртүрлі тәсілдермен жаңа сөздер құру.<br>**Дид-қ ойын:** «**Дәмін татып, атын ата»**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Көкөністер айтысы» ертегісі**<br>**Мақсаты:** Ертегі кейіпкерлеріне қамқорлық | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:«Бақтағы көкөністер мен жемістер»** (Кеңістікті бағдарлау)<br>**Мақсаты::** 3 санымен таныстыру. әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерді қалыптастыру;<br>**Дид-қ ойын: «Көкөністерді сана»** | **Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Күз байлығы»<br>**Мақсаты**: Астық, дәнді дақылдар мен көкөністер-дің пайдалылығын, қысқа азық дайындаудың қажеттілігін түсіну. Ел ырзығының қуанышын әнмен, бимен көркемдей білу. Мерекелік көңіл-күй сыйлау.<br>**Әуенді ырғақты қимыл**: «Тәтті тосап» биі<br>**Музыка тыңдау**: | **Қоршаған ортамен танысу**<br><br>**Тақырыбы: «Адамдардың еңбегі»**<br>**Мақсаты:** Адамдарға еңбектері үшін алғысайтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көтеріп, аяқтың ұшымен тұру. 20-25см.биіктікке секіру. Құрсаудан еңбектеп өту.<br>**Қимылды ойын: «Қоянның сәбізі»**<br>3. Қолын жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұру. 50см.жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіру. Гимнастикалық қабырғамен аралықтан аралыққа, оңға-солға ауысу.<br>**Қимылды ойын: «Дәрумендерді жина»** | таныту.таныс ертегілердің мазмұнын айтып беру. Дауыс күшін өзгертіп, түрлі интонацияда дыбыстау.<br>**Дид-қ ойын: «Көкөністерді ата»**<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тақырыбы: «Дәрумендер»**<br>**Мақсаты:**орыс тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. Күнделікті өмірде таныс сөздерді түсінуді және қолдана білуді қалыпастыру.<br>**Дидактикалық ойын: «Дәміне қарай ажырат»** | **Тақырыбы: «Дәрумендер әлемі»**<br>**Мақсаты:** Балаларға жемістердің, көкөністердің дәруменге бай екенін, денсаулыққа пайдасын түсіндіру, бау-бақшаға саяхатқа шығып, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу,<br>**Дид-қ ойын:«Бақта ма, бақшада ма?»** | Осенний вальс. Чайковский<br>**Ән айту**: «Күзге сәлем» А.Еспенбетова<br>**Ойын ойнау:** «Айгөлек» ойыны<br><br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Дәмді алмалар»**<br>**Мақсаты:**Дөңгелек пішіндерді түрлі көлемде салуға үйретуді жалғастыру, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, шығармашылық ойлау, қиялдау қабілеттерін, ұсақ қол қимылдарын дамыту.<br>**Дид-қ ойын:«Алма кетті домалап...»**<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы:«Аюдың себеті»(заттық сурет салу)**<br>**Мақсаты:**заттарды толық пішіні алынғанға дейін немесе жайылған пішінінің жиектері иілгенге дейін сығымдау.<br>**Дид-қ ойын:«Ащы, тұщы»** | көрсете білуге тәрбиелеу.<br>**«Үлкендерге құрмет»** |
| **ІІІ апта** | **Дене шынықтыру**<br>**Негізгі қимылдар:**<br>1. Қатарға екеуден, | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:«Қайырымды бала»Б.Данабеков** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:«Дым білмеске көмектес»** | **Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Біз-көмекшілерміз» | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **"Өзіңе және өзгелерге көмектес"** | үшеуден тұрып, сапты қайтадан құру, бағдар бойынша түзелу.Қолын беліне қойып, бір аяқпен тұру, екі жағына айналу. Гимнастикалық қабырғамен аралықтан аралыққа, оңға-солға ауысу. **Қимылды ойын: «Саңыраукұлақтарды жинайық».** 2. Қолын беліне қойып, бір аяқпен тұру, екі жағына айналу. Құрсаудан еңбектеп өту. Ойлы-қырлы тақтаймен тепе-теңдікті сақтап жүру. **Қимылды ойын: «Жапырақтарды сыпырамыз»** 3. 20-25см.биіктікке секіру.Оң және сол қолымен көлдененінен нысанаға (2-2,5м.қаш-н) дәлдеп лақтыру. Бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. **Қимылды ойын:«Ағаштағы жемістерді үзейік»** | **Мақсаты:**Қайырымды, әдепті болуға тәрбиелеу. Үлгі бойынша әңгіме құрастыра алуға дағдыландыру. Себеп-сардарлық байланыстарды орната білу. **Дид-қ ойын: «Болады, болмайды»** **Көркем әдебиет** **Тақырыбы: «Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі** **Мақсаты:** Ертегі кейіпкерлеріне қамқорлық таныту.таныс ертегілердің мазмұнын айтып беру. Дауыс күшін өзгертіп, түрлі интонацияда дыбыстау. **Дид-қ ойын: «Досыңа көмектес»** | **Мақсаты:** 4 санымен таныстыру. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. ұзындығы және ені бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру; **Дид-қ ойын: «Қанша болса, сонша»** **Жаратылыстану** **Тақырыбы: «Құстар қанатты достар»** **Мақсаты:** Үй құстарын атай білу (қораз, мекен, қаз) және олардың сыртқы келбетіндегі ерекшеліктері туралы білімін нақтылау. Құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **Дид-қ ойын:«Құстарға жем берейік»** **Құрастыру** **Тақырыбы:«Күзгі өнімді жинауға арналған себет»** (қағаздан құрастыру) **Мақсаты:** Қағаздан құрастыруға үйрету: қағазды тікбұрышты парағын жартысынан бүктеп, бұрыштарды және | **Мақсаты**: Кішіге қамқор, үлкенге қолқанат болуға тәрбиелеу. Әр түрлі сипаттағы музыка қарқынын, динамикалық реңкін қабылдау. **Әуенді ырғақты қимыл**: «Тәтті тосап» биі **Музыка тыңдау**: «Тыңдай білем» А.Маханбетова **Ән айту**: «Күзге сәлем» А.Еспенбетова **Ойын ойнау:** «Қатты, жай» Музыкалық дидактикалық ойын **Музыка** **Тақырыбы:** «Біз-көмекшілерміз» **Мақсаты**: Кішіге қамқор, үлкенге қолқанат болуға тәрбиелеу. Әр түрлі сипаттағы музыка қарқынын, динамикалық реңкін қабылдау. **Әуенді ырғақты қимыл**: «Себет толы жеміске» (Музыкалық сүйемелдеу -жетекшінің қалауымен) **Музыка тыңдау**: «Тыңдай білем» А.Маханбетова **Ән айту**: «Егін жинау» А.Филиппенко | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қырларды біріктіру, детальдің негізгі түріне желімдеу.<br>**Дид-қ ойын:«Дәмін татып,атын ата»**<br>**Жаратылыстану** | **Ойын ойнау:**<br>«Қатты, жай»<br>Музыкалық дидактикалық ойын<br><br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Әдемі торғай» (сәндік сурет салу)**<br>**Мақсаты:** қазақ халқының және басқа халықтардың сәндік-қолданбалы өнер шығармаларымен таныстыру барысында эстетикалық қабылдауын дамыту.<br>**Дид-қ ойын: «Болады, болмайды!»**<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Торғай біздің досымыз»**<br>**Мақсаты:** кескішті қолдануды таныстыру. Кескіштің көмегімен жасалған бұйымды безендіруге тырысуын ынталандыру. Ұқыпты мүсіндеу әдістерін бекіту.<br>**Дид-қ ойын: «Болады, болмайды!»** | |
| | **Дене шынықтыру**<br>**Негізгі қимылдар:** | **Сөйлеуді дамыту** | **Математика негіздері** | **Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Кішкентай | **Қоршаған орта** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **IVапта**<br><br>**«Біз күштіміз, ептіміз»** | 1. 50см.жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіру. 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру.(сызықтардың ара қаш-ғы 40-50см). Бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру.<br>**Қимылды ойын: «Кім мықты?».**<br>2. 50см.жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіру. Қапшықты оң және сол қолымен көлдененінен нысанаға (2-2,5м.қаш-н) дәлдеп лақтыру. 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру.(сызықтардың ара қаш-ғы 40-50см).<br>**Қимылды ойын:«Дәл тигіз»**<br>3. 50см.жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіру. Қолын жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұру. 20-25см.биіктікке | **Тақырыбы:«Кім күшті? ертегісі**<br>**Мақсаты:** Ертегі кейіпкерлерге жанашырлық таныту. Шағын әңгімелер мен ертегілерді мазмұндау. Әртүрлі тәсілдермен жаңа сөздер құру.<br>**Дид-қ ойын: «Күштілерді тап»**<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>**Тақырыбы: «Кім күшті? ертегісі**<br>**Мақсаты:** Ертегі кейіпкерлеріне аса қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Ертегі желісін ретімен орындау. Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді сақналау.<br>**Дид-қ ойын: «Күшті аңдарды сомдаймыз»**<br><br>**Орыс тілі**<br><br>**Тақырыбы: «Бірге ойнайық»**<br>**Мақсаты:**Сөйлеу және артикуляциялық аппаратты, сөйлеуде тыны салу, анық дикция дағдыларын жетілдіру. 2-3 сөзден тұратын сөз тіркестерін, сөйлемдерді құрастыру.<br>**Дидактикалық ойын: «Кім күшті?»** | **Тақырыбы:«Денсаулық еліне саяхат»**<br>**Мақсаты:**сандық топты белгілей отырып, 5-ке дейінгі сандармен таныстыру. Әртүрлі сезім мүшелерінің көмегімен санау дағдысын дамыту (көру, есту, иіс сезу). Тура және кері бағытта 5 көлемінде санатып жаттықтыру.<br>**Дид-қ ойын: «Кім күшті?»**<br><br>**Жаратылыстану**<br><br>**Тақырыбы:«Алтын жапырақ төккен күз»**<br>**Мақсаты:**табиғат құбылыстары: жел, жаңбыр, тұман туралы түсініктерін қалыптастыру. Табиғаттағы маусымдық өзгерістермен таныстыру.<br>**Дид-қ ойын:«Жапырақты кім бірінші жинайды?»** | Толағайлар»<br>**Мақсаты**: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа үйрету. Музыканың жекелеген эпизодтарын көргендегі және музыкалық бейнелерінің ара қатынасын тану.<br>**Әуенді ырғақты қимыл**:<br>«Себет толы жеміске» (Музыкалық сүйемелдеу -жетекшінің қалауымен)<br>**Музыка тыңдау**:<br>«Спорт-біздің досымыз» Ғ.Дауылбаева<br>**Ән айту**: «Егін жинау» А.Филиппенко<br>**Ойын ойнау:** «Теңге ілу» Ұлттық ойын<br><br>**Сурет**<br>**Тақырыбы:«Еңбекқор құмырсқа»**<br>**Мақсаты:**Дөңгелек, сопақша пішіндер арқылы заттардың суретін салуды үйрету, екі түрлі қылқаламмен жұмыс істеуді, шығармашылық қабілеттерін, ой-қиялын дамыту, байқағыштығы мен көз мөлшерін, қолдың қимыл қозғалыс үйлесімділігін қалыптастыру; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Дид-қ ойын: «Ең күшті құмырсқаны ізде»** | **Тақырыбы: «Мамандықтар»**<br>**Мақсаты:**Еңбек адамдарына және олардың еңбектерінің нәтижелерін құрметтетуге тәрбиелеу.Балабақша қызметкерлері мен олардың еңбек әрекеттері,адамның тұратын үйі,балабақша,мектеп,ересектердің еңбектері туралы білімдерін жетілдіру.<br>**Дид-қ ойын: «Кім күшті?»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | секіру.<br>**Қимылды ойын: «Мен ептімін!»**<br><br>**Эстафеталық жарыс: «Күштіміз! Ептіміз! Жылдамбыз!»** | | | **Жапсыру**<br>**Тақырыбы:«Құмырсқа»**<br>**Мақсаты:** барынша күрделі заттарды, жануарлар пішінін бейнелеу, заттарды қағаз бетінде орналастыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Дид-қ ойын: «Ең күшті құмырсқаны ізде»** | |

**Желтоқсан айы, 2020жыл**
**Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным»**

**Мақсаты:** Балаларды халық ауыз әдебиетіне баулу арқылы Қазақстанның мәдени мұрасын құрметтеуге және патриотизмге тәрбиелеу. Танымдық қызығушылықтарын, эстетикалық талғамдарын дамыту.

**Міндеттері:**
1. Дене қасиеттерін қалыптастыру, ептілік қозғалыстарын үйлестіру және салауатты өмір салтын ұстануға баулу;
2. Ұлттық дәстүрлерге негізделген құндылықтар арқылы шығармашылықпен сөйлеу дағдыларын, сөздік қорларын молайту;
3. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыра отырып, қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға, оны құрметтеуге үйрету;
4. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы негізінде патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу.

| Тақырыпша | **Денсаулық-3**<br>Дене шынықтыру-3 | **Қатынас-2,5**<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-1 | **Таным-2,5**<br>Математика негіздері-1<br>Құрастыру-0,5 | **Шығармашылық-3,5**<br>Музыка-1,5<br>Сурет-1 | **Әлеумет-0,5**<br>Қоршаған орта-0,5 |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Орыс тілі-0,5 | Жаратылыстану1 | Мүсіндеу-0,5<br>Жапсыру-0,5 | |
| **І апта**<br><br>**«Тарихқа саяхат»** | **Дене шынықтыру**<br>**Негізгі қимылдар:**<br>1.Бір аяқпен секіру(4-5рет, оң және сол аяқпен).<br>Қапшықты оң және сол қолымен көлдененінен нысанаға (2-2,5м.қаш-н) дәлдеп лақтыру.<br>Бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру.<br>**Қимылды ойын: «ЭКСПО-ға жол»**<br>2.Қысқа секіртемен секіру(демалу үзілістері бар 2-3реттен, 10рет секіру).<br>Бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру.<br>Табан мен алақанға сүйеніп, төрттағандап еңбектеу.<br>**Қимылды ойын: «Бәйтерекке кім жылдам барады?»**<br>3. Бір аяқпен секіру(4-5рет, оң және сол аяқпен).<br>Оң және сол қолымен көлд ененінен нысанаға (2-2,5м.қаш-н) дәлдеп лақтыру.Басқа қап киіп, заттарды аттап өту, бұрылу.<br>**Қимылды ойын:** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**<br>**М. Хакімжанованың «Отан» өлеңі**<br>**Мақсаты:** Тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыруда ойындарды кеңінен қолдану. Отанды, туды құрметтеуге тәрбиелеу;тіл байлықтарын дамыту.<br>**Дид-қ ойын: «Не? Қайда? Қашан?»**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Отан» өлеңі Е. Өтетілеуұлы**<br>**Мақсаты:** өлеңді эмоционалды қабылдай отырып, мәнерлеп айтуға, тыңдап, түсіне білуге үйрету. Өз еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**Дид-қ ойын: «Менің қалам»** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Үлкен кішіқұмыралар»**<br>**Мақсаты:**шаманы салыстыруда беттестіру және тұстастыру тәсілдерін қолдану.<br>**Дид-қ ойын: «Хайуанаттар бағына саяхат»**<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:«Бәйтерек» монументі (**қағаздан құрастыру жұптық жұмыс)<br>**Мақсаты:** бәйтерек ғимаратын қатты қағаздарды дұрыс қолдана отырып құрастыруды үйрету; умаждау, жырту, шиыршықтауды қолданып, қағаз парақтарын көлемді пішіндерге айналдыру арқылы Бәйтерек жасауды үйрету.<br>**Дид-қ ойын:«Айырмашылығын тап»**<br><br>**Жаратылыстану** | **Музыка**<br>**Тақырыбы**: «Ұлы дала ұланымын»<br>**Мақсаты**: Елдің әдет-ғұрпы мен тарихын музыкамен байланыстыра рухани тәрбиелеу. Музыканың ырғағын дәл бере отырып, сермеу, серпілу қимылдарын орындау<br>**Әуенді ырғақты қимыл**:<br>«Батырлар биі» А.Еңсепов<br>**Музыка тыңдау**: «Атамекен» Е.Хасанғалиев<br>**Ән айту**: «Елімнің ертеңгі иесі-біз» А.Еспенбетова<br>**Ойын ойнау:** «Тақия тастамақ» Ұлттық ойын<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы**: «Ұлы дала ұланымын»<br>**Мақсаты**: Елдің әдет-ғұрпы мен тарихын музыкамен байланыстыра рухани тәрбиелеу. Музыканың ырғағын дәл бере отырып, сермеу, серпілу қимылдарын орындау<br>**Әуенді ырғақты қимыл**: | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Киіз үйді жина»** | | **Тақырыбы:«Өсімдіктер қайда өседі?»** <br> **Мақсаты:**өсімдіктердің өсіп-өнуі үшін қажетті жағдайлар туралы білімдерін қалыптастыру. Адамның табиғатқа деген қамқорлық қатынасының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру; Балабақша аумағындағы және жақын, алыс мекендердегі өсімдіктерді (ағаштар мен бұталар) ажырату және атай білу дағдыларын дамыту. <br> **Дид-қ ойын:«Қай ағаштың жапырағы?»** | «Батырлар биі» А.Еңсепов <br> **Музыка тыңдау**: «Атамекен» Е.Хасанғалиев <br> **Ән айту**: «Елімнің ертеңгі иесі-біз» А.Еспенбетова <br> **Ойын ойнау:** «Тақия тастамақ» Ұлттық ойын <br><br> **Сурет салу** <br> **Тақырыбы:«Киіз үйдің керегелері»** <br> **Мақсаты:** Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету.Киіз үйдің керегелері туралы түсініктерін кеңейту, жуан,жіңішке таяқшаларды рет-ретімен салуды, қарындашты қолдануды үйретуді жалғастыру. <br> **Үстел-үсті ойыны: «Киіз үйді құрастыр»** <br><br> **Мүсіндеу** <br> **Тақырыбы:«Байтерек монументі»** <br> **Мақсаты:** Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, Байтеректің мүсінін жасауға үйрету. Кескішпен түрлі безендірулер жасауға дағдыландыру. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Үстел-үсті ойыны: «Бәйтерек қандай?» (Воскобовичтің ойындары)** | |
| **ІІ апта**<br><br>**«Туған өлкем»** | **Дене шынықтыру**<br>**Негізгі қимылдар:**<br>1. Қысқа секіртпемен секіру(демалу үзілістері бар 2-3реттен, 10рет секіру). 50см.жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіру. Бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру.<br>**Қимылды ойын: «Өз үйіңді тап»**<br>2.Еденнен 20-25см көтерілген баспалдақ тақтайдан аттап өту. 20-25см.биіктікке секіру. Құрсаудан еңбектеп өту.<br>**Қимылды ойын: «Тақия тастамақ»**<br>3. Қолдың түрлі қалпымен үрленген доптан (бір-бірінен қашық қойылған 5-6доп арқылы кезекпен) аттап өту.50см.жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіру. Гимнастикалық қабырғамен | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Тақырыбы:**<br>**«Біз тұратын қала»**<br>(сурет бойынша әңгіме құрау)<br>**Мақсаты:** Сөз және сөз ұйқастарынан құрылған ойындарға қызығушылығын арттыру. Мнемотехника әдісі арқылы қаланың көрікті орындарын ретімен сипаттап, әңгіме құрастыра білуге үйрету.<br>**Дид-қ ойын: «Менің мекенжайым»**<br><br>. **Орыс тілі**<br>**Тақырыбы : «Менің туған жерім Қазақстан ».**<br>**Мақсаты :**Қазақтан туып өскен жерімізге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру ..Күнделікті өмірде қолданатын таныс сөздерді түсіну .Қысқа сұрақтарға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге үйрету .<br>**Дид-қ ойын :«Өз туған жерің туралы суретте »** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:«Арман қала Нұрсұлтан»**<br>**Мақсаты:**дағдыларды қалыптастыру: геометриялық пішіндерді тану және атау, пішіндерді зерттеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Дид-қ ойын: «Неге ұқсайды?»**<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:«Достық неден басталады»**<br>( Құрылыс материалдарынан)<br>**Мақсаты:** Қағаздан құрастыруға үйрету: қағазды тікбұрышты парағын жартысынан бүктеп, бұрыштарды және қырларды біріктіру, детальдің негізгі түріне желімдеу. Қағаз парағын көлемді пішіндерге қайта келтіру, қағазды кесекке, орамдарға, ілмекке | **Музыка**<br>**Тақырыбы**:«Туған өлкем»<br>**Мақсаты**: Туған қаласына сезімін ән арқылы жеткізу. Хормен сөздер мен дыбыс-тарды таза және анық айтуға дағдыландыру.<br>**Әуенді ырғақты қимыл**:<br>«Сыр сұлуы»<br>Ш.Қалдаяқов<br>**Музыка тыңдау**: «Сыр елім» (Т.Төрәлінің репертуарынан)<br>**Ән айту**: «Қызылорда» А.Еспенбетова<br>**Ойын ойнау:**<br>«Алақанмен ән айтамыз» Музыкалық дидактикалық ойын<br><br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Достық үйі»**<br>**Мақсаты:**<br>Геометриялық пішіндерді салуға, ою-өрнекпен әшекейлеуге үйрету. Балаларды әдемілікті сезіне білуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Үстел-үсті ойыны:«Достардың** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аралықтан аралыққа, оңға-солға ауысу.<br>**Қимылды ойын: «Қармен ойын»** | | айналдыра білу дағдыларын бекіту.<br>**Үстел-үсті ойыны:«Біздің өлкедегі үйлер»**<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Құсхананы мекені»<br>**Мақсаты:**қыстап қалатын және жыл құстары туралы білімдерін, оларды ажыратып, атай білулерін қалыптастыру; табиғаттағы қарапайым тәртіп ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Дид-қ ойын:«Туған өлке құстары»** | **үйін құрастыр»**<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы:«Сыр ана» монументі**<br>**Мақсаты:**қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету. Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақ пішін қиюға, ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеуге, желімді, сүлгіні қолдануды үйрету.<br>**Дид-қ ойын:«Туған өлке жәдігерлері»** | |
| **III апта «Астана-Отанымыздың жүрегі»** | **Дене шынықтыру**<br>**Негізгі қимылдар:**<br>1. Еденнен 20-25см көтерілген баспалдақ тақтайдан аттап өту.Гимнастикалық қабырғамен аралықтан аралыққа, оңға-солға ауысу. 20-25см.биіктікке секіру.<br>**Қимылды ойын: «Мен Астанаға барамын»** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Астана- арман қала»** (сурет бойынша әңгімелеу)<br>**Мақсаты:** Сөйлемдердің түрлерін (жай және күрделі) сын есімдерді, етістіктерді, үстеулерді, қосымшаларды қолдана білуге үйрету.<br>**Дид-қ ойын: «Сүйікті қалаға саяхат»**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Менің сүйікті қалам, Ел ордасы - Астанам»** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:«Нұр сұлтан-бас қалам»**<br>**Мақсаты:** Кеңістікте бағдарлау:өзінің дене бөліктерінің орналасуына қарай бағдарлай білуге үйрету.Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтай білу, заттарды оң қолымен солдан оңға қарай орналастыру, өзінің дене бөліктерін бағдарлау және атау | **Музыка**<br>**Тақырыбы**: «Астана-Отанымыздың жүрегі»<br>**Мақсаты**: Астана қаласы, Бәйтерек туралы түсініктерін дамыту, мақтаныш және құрмет сезімдерін тәрбиелеу. Әнді қуанышты, екпіндете, жігермен орындауға төселдіру.<br>**Әуенді ырғақты қимыл**:<br>«Сыр сұлуы» | **Қоршаған орта**<br><br>**Тақырыбы: «Астана-бас қалам»**<br>**Мақсаты:** Қазақстан Республикасының бас қаласы-Астана туралы білімдерін суреттерді, альбомдарды қолданып, қарастыру арқылы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2. Қолдың түрлі қалпымен үрленген доптан (бір-бірінен қашық қойылған 5-6доп арқылы кезекпен) аттап өту.Құрсаудан еңбектеп өту. Ойлы-қырлы тақтаймен тепе-теңдікті сақтап жүру. **Қимылды ойын: «»Мегаға» кім бірінші жетеді? »** 3. Еденнен 20-25см көтерілген баспалдақ тақтайдан аттап өту.Оң және сол қолымен көлденененінен нысанаға (2-2,5м.қаш-н) дәлдеп лақтыру. 20-25см.биіктікке секіру Бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. **Қимылды ойын:«Бәйтерекке тез жет»** | **Мақсаты:** Балалардың қала, ауыл және Астана туралы түсініктерін сурет бойынша тиянақтап, ой-өрісін дамыту. Елін, жерін, туған қаласын сүюге тәрбиелеу. **Дид-қ ойын: «Бұл қай қала?»** **Орыс тілі** **Тақырыбы: « Нұрсұлтан - менің басқалам »** **Мақсаты :**Екі үш сөзден тұратын сөз тіркестерін . сөйлемдерді құрастыруға қалыптастыру . Қысқа сұрақтарға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге үйрету . **Дид-қ ойын : «Туған еліме арналған тілектер »** | (бас,аяқтар,қолдар) **Дид-к ойын: «Астананың көрікті жерлері»** **Жаратылыстану** **Тақырыбы: «Алматыдағы хайуанаттар бағы»** **Мақсаты:** Үй жануарлары және жабайы аңдар, олардың сыртқы келбеті, қозғалу және қоректену тәсілдері туралы білімдерін кеңейту. **Дид-қ ойын:«Астананың көрікті жерлері»** | Ш.Қалдаяқов **Музыка тыңдау**: «Астана» Б.Әлімжан **Ән айту**: «Қызылорда» А.Еспенбетова **Ойын ойнау:** «Қатып қал» Қимылды ойын **Музыка** **Тақырыбы**: «Астана-Отанымыздың жүрегі» **Мақсаты**: Астана қаласы, Бәйтерек туралы түсінік-терін дамыту, мақтаныш және құрмет сезімдерін тәрбиелеу. Әнді қуанышты, екпіндете, жігермен орындауға төселдіру. **Әуенді ырғақты қимыл**: «Шырша жыры» Л.Хамиди **Музыка тыңдау**: «Астана» Б.Әлімжан **Ән айту**: «Жаңа жыл» А.Еспенбетова **Ойын ойнау:** «Қатып қал» Қимылды ойын **Сурет салу** **Тақырыбы: «Пирамида»** **Мақсаты:**Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауын дамыту. Бояулармен, қарындаштармен, борлармен дәстүрлі және дәстүрден тыс | қалыптастыру. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздер туралы (Ту, Елтаңба, Әнұран) білімдерін қалыптастыру. Өз елінің рәміздеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. **«Астананың көрікті жерлері» Лэпбук жасау** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | тәсілдермен сурет салудың техникасын жетілдіру.Бояу түсін таңдап, сурет салуға қызығушылығын арттыру<br>**Үстел-үсті ойыны: «Әдемі пирамида» (Воскобович ойындары)**<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:«Пирамида»**<br>**Мақсаты:**кескішті қолдануды таныстыру. Кескіштің көмегімен жасалған бұйымды безендіруге тырысуын ынталандыру. Ұқыпты мүсіндеу әдістерін бекіту.<br>**Үстел-үсті ойыны: «Әдемі пирамида» (Воскобович ойындары)** | |
| **IVапта**<br><br>**«Тәуелсіз Қазақстан (ҚР тұңғыш Президенті, мемлекеттік рәміздер)** | **Дене шынықтыру**<br>**Негізгі қимылдар:**<br>1. Гимнастикалық қабырға бойынша оңға-солға ауысып өрмелеу. 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру.(сызықтардың ара қаш-ғы 40-50см). Бөрене үстімен тепе- | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Тәуелсіз елдің көшбасшысы»**<br>**Мақсаты:** Сурет бойынша әңгіменің басы мен соңын құрастыруға үйрету. Балаларға «тәуелсіз», «егемен» сөздерінің мағынасын кеңінен түсіндіре отырып,есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Дид-қ ойын: «Менің** | **Математика негіздері**<br><br>**Тақырыбы:«Қазақстанның байлықтары»**<br>**Мақсаты:**ұзындығы және ені бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру;<br>2) биіктігі және жуандығы бойынша | **Музыка**<br>**Тақырыбы**: «Тәуелсіз Қазақстан»<br>**Мақсаты**: Тәуелсіз елін, жерін мақтан тұтуға, патриот-тық сезімге тәрбиелеу. Қол ұстасып, шеңбермен жүре білу дағдыларын дамыту.<br>**Әуенді ырғақты қимыл**: | **Қоршаған орта**<br><br>**Тақырыбы:**<br>«Қысқы ағаштар»<br>**Мақсаты:**балабақша ауласындағы кейбір ағаштардың, бұталардың түрлері жайлы білімдерін қалыптастыру. Ағаштардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | теңдікті сақтап жүру.<br>**Қимылды ойын: «Тұғырлы жалау»**<br>2. Қолдың түрлі қалпымен үрленген доптан (бір-бірінен қашық қойылған 5-6доп арқылы кезекпен) аттап өту.Қапшықты оң және сол қолымен көлдененінен нысанаға (2-2,5м.қаш-н) дәлдеп лақтыру. 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру.(сызықтардың ара қаш-ғы 40-50см).<br>**Қимылды ойын:«Теңге алу»**<br>3. Қолдың түрлі қалпымен үрленген доптан (бір-бірінен қашық қойылған 5-6доп арқылы кезекпен) аттап өту. Оң және сол қолымен көлдененінен 2-2,5м қашықтықта дәлдеп лақтыру). 20-25см.биіктікке секіру.<br>**Қимылды ойын: «Кім жылдам**<br>**Эстафеталық жарыс:**<br>**«Бақытты жанұялар»** | **мекенжайым» (Воскобовичтің дамытушы ойындары)**<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тақырыбы : «Туған елімнің рәміздері »**<br>**Мақсаты :**Дауыс және артикуляциялық аппаратты сөйлеуде тыныс алумен анық дикцияны дамыту дағдыларын жетілдеру**.** 2-3 сөзден тұратын сөз тіркестерін, сөйлемдерді құрастыру<br><br>**Дид-қ ойын : «Не көрдік ?»** | бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру;<br>3) шаманы салыстыруда беттестіру және тұстастыру тәсілдерін қолдану.<br>**Дид-қ ойын: «Бұл қай жерде...?»**<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:«Қазақстандағы жануарлар»**<br>**Мақсаты:**үй жануарлары және жабайы аңдар, олардың сыртқы келбеті, қозғалуы, күз мезгіліндегі (сыртқы түрі, тіршілік ету ортасы, мекені, азығы,) қоректену тәсілдері және қысқы дайындығы туралы білімдерін кеңейту.<br>**Дид-қ ойын:«Төлдерін ата»** | «Шырша жыры» Л.Хамиди<br>**Музыка тыңдау**: «Жаса мәңгі Қазақстан» Б.Бейсенова<br>**Ән айту**: «Жаңа жыл» А.Еспенбетова<br>**Ойын ойнау:** «Аяз атаның сиқырлы таяғы» Қимылды ойын<br><br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Байтерек монументі»**<br>**Мақсаты:** Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, Байтеректің суретін салуға үйрету. Бояу түсін таңдап, сурет салуға қызығушылығын арттыру.<br>**Үстел-үсті ойыны: «Қазақстанның көрікті жерлерін ата » (Воскобовичтің дамытушы ойындары)**<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы:«Байтерек монументі»**<br>**Мақсаты:**текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақ пішін қиюға, ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеуге, желімді, | бөліктерін тауып, атай білу дағдыларын бекіту.<br>**Дид-қ ойын: «Президент саябағы»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | сүлгіні қолдануды үйрету.**Дидиактикалық ойын: «Қазақстанның көрікті жерлерін ата »** | |

**2021 жыл, Қаңтар айы**

**Өтпелі тақырып «Табиғат әлемі»**

**Мақсаты:**Балалардың қимыл әрекетін ұйымдастыра отырып, ересектермен, балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту. Табиғатта өзін ұстай білу Ережелері мен тірі және өлі табиғат объектілеріне деген ұқыпты қарым-қатынасын дамыту. Эстетикалық талғамдарын жетілдіру.

**Міндеттері:**

1. Дене жаттығулары мен сауықтыру шараларына деген қызығушылықтарын күшейту, қимылдық дағдыларын жетілдіру;
2. Шағын әңгімелер құрастыру, ойында әдеби бейнелерді қолдану білім, біліктерін дамыту;
3. Қарапайым зерттеуге қызығушылықтарын туғызу, сенсорлық қабілеттерін жетілдіру, бекіту;
4. Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауларын дамыту;
5. Жеке тұлғаны дамыту, әлеуметтік дағдыларын жетілдіру.

| Тақырыпша | **Денсаулық-3**<br>Дене шынықтыру-3 | **Қатынас-2,5**<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-1<br>Орыс тілі-0,5 | **Таным-2,5**<br>Математика негіздері-1<br>Құрастыру-0,5<br>Жаратылыстану1 | **Шығармашылық-3,5**<br>Музыка-1,5<br>Сурет-1<br>Мүсіндеу-0,5<br>Жапсыру-0,5 | **Әлеумет-0,5**<br>Қоршағанортамен танысу-0,5 |
|---|---|---|---|---|---|
| **І апта**<br>**"Айналамыздағы өсімдіктер"** | **Дене шынықтыру**<br>**Дене шынықтыру жетекшісі жоспарымен жүргізіледі** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Бөлме гүлдері»**<br>**Мақсаты:** Гүлдерді күтіп,қорғауға,табиғатты сүйе білуге үйрету, тәрбиелеу. Тілдік ойындар мен жаттығуларды колдана отырып, балалардың | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**<br>«5-ке дейін тура және кері санау»<br>**Мақсаты:** 5-ке дейін тура және кері санауды жетілдіру.Тендікті кем | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: « Әдемі шырша»**<br>**Мақсаты:** Заттардың үлгі бойынша өзіне тән ерекшеліктерін, пішінін пропорциясын сақтай | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сөздік қорларын дамыту және байыту. Жеке тәжірибесінен суреттің мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастыру.<br>**Дид-қ ойын: «Менің әсем гүлдерім»**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:«Шырша» өлеңі Е.Өтетілеуұлы**<br>**Мақсаты:** Балаларды тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтауға, мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелігін сақтай білуге, кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету. Әңгімелерді тыңдап, өлеңдерді жатқа айту. Ойында әдеби бейнелерді қолданады.<br>**Дид-қ ойын: «Шырша ойыншықтары»** | топқа үстемелей отырып немесе артық топтан бір затты алып тастай отырып, екі тәсілмен орнатуға, "Қанша еді?", "Қаншасы қалды?" сұрақтарына жауап беруге үйрету. Әртүрлі сезім мүшелерінің көмегімен санау дағдысын жетілдіру (көру, есту, иіс сезу).<br>**Дид.ойын: «Гүл күлтешелерін сана»**<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Өсімдіктер әлеміне саяхат»**<br>**Мақсаты:** Бөлме өсімдіктерін атай білу дағдыларын бекіту. Гүлдің бөліктерін атай білу дағдыларын қалыптастыру.Қыс мезгілінде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту;<br>**Дид.ойын: «Гүл егеміз»**<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Шырша»**<br>**Мақсаты:** Фетрдан шыршаны құрастыру дағдыларын қалыптастыру.Бөліктерді біріктіру үшін желімдерді пайдалану. Жеке және ұжымдық іс-әрекет дағдыларын бекіту. | отырып сурет салуға үйретуді жетілдіру.Көлемі бойынша олардың арақатынасын ескеріп, пішінін бейнелей білуге баулу. Заттарды қағаз бетіне тұтастай орналастыра отырып, мазмұнды композиция салу, дағдыларын дамыту.<br>**Үстел-үсті ойыны: «Шыршаны безендірейік»**<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Жасыл шырша жанында »**<br>**Мақсаты:** Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеуді қалыптастыру .Оларды орналастыру,пропор-цияны сақтай отырып, бөліктерді біріктіру. Ұжымдық жұмыстарды орындау және міндеттемелерді өзара бөлісуге тәрбиелеу;<br>**Үстел-үсті ойыны: «Шырша құрастыру»**<br><br>**Музыка**<br>**Музыка жетекшсі жоспарымен жүргізіледі**<br><br>**Музыка** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Үстел-үсті ойыны: «Шыршаны орналастыр»** | **Музыка жетекшісі жоспарымен жүргізіледі** | |
| **ІІ апта**<br><br>**«Жануарлар әлемі»** | **Дене шынықтыру**<br>**Дене шынықтыру жетекшсі жоспарымен жүрігізіледі** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Үй жануарлары мен төлдері»**<br>**Мақсаты:** Үй жануарларына жанашырлық таныту. Жеке тәжірибесінен суреттің мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастырту. Сөзге қызығушылықтарын дамыту.<br>**Дид-қ ойын: «Не қалай дыбыстайды?»**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі**<br>**Мақсаты:** Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді сахналау. Ертегі желісін ретімен орындау. Өзінің қимылын серіктерісінің қимылымен үйлестіру.<br>**Дид-қ ойын: «Жануарлардың дауысын сал»**<br><br>**Орыс тілі.**<br>**Тақырыбы:** «Үй жануарлары»<br>**Мақсаты:** айналасындағы жануарлар жөніндегі білімдерін кеңейту. Күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздерді түсіну. 2-3 сөзден тұратын сөз тіркестерін, сөйлемдерді құрастыруға үйрету.<br>**Дидактикалық ойын:«Кім дауысынан таниды?»** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:«Жиын»**<br>**Мақсаты:**Жиын сапасы бойынша әртүрлі заттардан тұратындығы туралы түсініктерін жетілдіру.Жиындағы заттардың сыңарларын қою негізінде салыстыруды қалыптастыру.Теңдігін немесе теңсіздігін анықтай білуді үйрету.<br>**Дид.ойын: «Төлдерін ата»**<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Жануарлар әлеміне саяхат»**<br>**Мақсаты:** Үй жануарларының сыртқы келбеті, қозғалу және коректену тәсілдері туралы түсініктерін кеңейтіп, білімдерін бекіту.Табиғаттағы ауа райының жағдайларын бақылау.Бақылау нәтижелерін табиғат күнтізбесіне белгілеу дағдыларын жетілдіру;<br>**Дид.ойын: «Ненің** | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Ұзын құлақ сұр қоян»**<br>**Мақсаты:** Жануарларды олардың ерекшеліктерін ескере отырып салуға үйретуді дамыту.Сурет салудың техникалық дағдыларын жетілдіру. Суретте ашық және солғын түстерді пайдалануды қалыптастыру<br>**Дид.ойын: «Өз мекенін тап»**<br><br>**Жапсыру**<br><br>**Тақырыбы: «Қонжық»**<br>**Мақсаты:** Қағаз бетіне бецнелерді құрастыру және оларды желімдеу. Қайшыны дұрыс ұстауға дағдыландыру. Жануардың пішіндерін жапсыруға үйрету.<br>**Дид.ойын: «Анасын тап»**<br><br>**Музыка**<br>**Музыка жетекшсі жоспарымен жүргізіледі** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **дауысы?»**<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Кішкентай қора»**<br>**Мақсаты:**Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша біріктіре білу және онымен ойнай отырып шығармашылық қиялдау дағдыларын қалыптастыру. Ұжымдық құрастыру біліктерін кеңейту. Құрдастар арасында міндеттерді бөлісу.<br>**Дид.ойын: «Мекенін тап»** | | |
| **III апта**<br><br>**«Құстар-біздің досымыз»** | **Дене шынықтыру**<br>**Дене шынықтыру жетекшсінің жоспарымен жүргізіледі** | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Тақырыбы:«Жыл құстары»**<br>**Мақсаты:** Құстарға қамқорлық таныту. Жеке тәжірибесінен суреттің мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастыру. Тілдік ойындар мен жаттығуларды қолдана отырып, балалардың сөздік қорларын дамыту және байыту.<br>**Дид.ойын: «Құстардың атын ата»**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Қарлығаш» ертегісі**<br>**Мақсаты:** Таныс ертегілердің мазмұнын айтып беру. Ертегі | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**<br>«Қанша еді? Қаншасы қалды?»<br>**Мақсаты:** Қанша еді? Қаншасы қалды?»сұрақтарына жауап беруге үйрету.Топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді жалпылау білуді дамыту.<br>**Дид.ойын: «Жапалақ»**<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Үй құстары»**<br>**Мақсаты:** Үй құстарын атап, дала құстары мен үй | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Торғай »**<br>**Мақсаты:** Құстың үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып бейнелеуді қалыптастыру . Сурет салудың техникалық дағдыларын жетілдіру. Суретте ашық және солғын түстерді пайдалану<br>**Үстел-үсті ойыны: «Торғайға жем шашайық »**<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Тотықұс »**<br>**Мақсаты:** Құстардың | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: «Құстың ұясы »**<br>**Мақсаты:** Балалардың ой өрісін дамыту**.**Қарапайым тәжірибелерді жүргізуге қызығушылық пен зейін аударуға тәрбиелеу**.** Бастаған ісін аяғына дейін жеткізу.<br><br>**Дидактикалық ойын**: «Үй және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | желісін ретімен орындау. Театрлардырылған әрекеттің басқа да жұмыс түрлері үстел үсті театрымен сомдау.<br>**Дид.ойын: «Құстарша ән сал»** | құстарының ерекшеліктерін аңғарту. Олардың адамға тигізер пайдасы туралы айту. Құстарды күтуге, баптауға тәрбиелеу. Ойлау, тыңдау қабілеттерін жетілдіру.<br>**Дид.ойын:«Әр құсқа өз орны»** | мүсінін жасаудың әртүрлі тәсілдерін пайдалану дағдыларын қалыптастыру.Мүсіндеудің таныс тәсілдерін пайдалана отырып, сазбалшықтан, қамырдан, ермексаздан мүсіндеу тәсілдерін үйрету .<br>**Дид.ойын: «Құсты және ұясын құрастыру» (Воскобович ойындары)**<br><br>**Музыка**<br>**Музыка жетекшісі жоспарымен жүргізіледі**<br><br>**Музыка**<br>**Музыка жетекшісі жоспарымен жүргізіледі** | дала құстары» |
| **IVапта «Ғажайып қыс»** | **Дене шынықтыру**<br>**Дене шынықтыру жетекшісі жоспарымен жүргізіледі** | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Тақырыбы: «Қар жамылған ағаштар» (сурет бойынша әңгімелеу)**<br>**Мақсаты:** Жеке тәжірибесінен суреттің мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастыру. Тілдік ойындар мен жаттығуларды қолдана отырып, балалардың сөздік қорларын дамыту және байыту. Сөзге қызығушылықтарын дамыту.<br>**Дид-қ ойын: «Қайсысы артық?»** | **Математика негіздері**<br><br>**Тақырыбы: «Геометриялық пішіндер»**<br>**Мақсаты:** Геометриялық пішіндерді: дөңгелек, шаршы және үшбұрышты тануға және атауға үйрету.Пішіндерді сипап сезу,және көру тәсілдерімен зерттеу.<br>**Дид-қ ойын: «Шыршаны әрлейміз»** | **Сурет салу**<br><br>**Тақырыбы: « Көңілді аққала»**<br><br>**Мақсаты:**Заттардың пішінін бейнелеу дағдыларын қалыптастыру. Көлемі бойынша олардың арақатынасын ескере отырып заттар мен жануарлардың пішінін бейнелей білуге жетілдіру. Сурет салу | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: «Ересектердің еңбегі»**<br>**Мақсаты**: Нанға және азық түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу Ауыл шаруашылығындағы ересектер еңбегі туралы білімдерін қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Аяз ата сиқыры» ертегісі**<br>**Мақсаты:** Ертегі желісін ретімен орындау. Өзінің қимылын серіктесінің қимылымен үйлестіру. Сахнада бағдарлау.<br>**Дид-қ ойын: «Аяз ата мен Ақшақар»**<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тақырыбы:** «Қыс»<br>**Мақсаты:** 2-3 сөзден тұратын сөз тіркестерін, сөйлемдерді құрастыруға үйрету. Қысқа сұрақтарға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге үйрету. Күнделікті өмірде және ойын кезінде педагогтің орыс тілінде айтқан сөздерін түсіну.<br>**Дидактикалық ойын: «Қыста»** | **Жаратылыстану**<br><br>**Тақырыбы: «Қыс қызығы»**<br>**Мақсаты:**Табиғат құбылыстары туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Қыс мезгіліндегі табиғатты бақылау дағдыларын дамыту.Табиғаттағы маусымдық өзгерістердің қарапайым байланыстарын түсіндіру;<br>**Дид-қ ойын: «Қыс ерекшелігі»** | техникасын игерген.<br>**Дид.ойын: « Аққала құрастыр »**<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Қысқы көрініс»**<br>**Мақсаты:** Қайшыны дұрыс ұстауға және оны пайдала алуға дағдыландыру.Ұжымдық мазмұнды композицияларды құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны өз ойларынша орындауға үйрету.<br><br>**Дид.ойын: «Аққала»**<br><br>**Музыка**<br>**Музыка жетекшісінің жоспарымен жүргізіледі** | **Дидактикалық ойын** : «Мұздатамын» |

**2021 жыл, Ақпан айы**
**Өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем»**

**Мақсаты: Инновациялық** әдістер мен технологияларды қолдану негізінде экологиялық білімдерін жетілдіру. Шығармашылық ойлау мәдениетін дамыту. Балалардың өзіндік шығармашылық қызметтерін іске асыру. Жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу.

**Міндеттері:**

1. Өз денсаулығына саналы қарауға үйрету, денсаулықтың адамға табиғаттың берген басты құндылығы екенін түсіндіру;

2. Белсенді сөздіктерін дамыту, тілдің грамматикалық жағын қалыптастыру, балалар әдебиетіне деген қызығушылықты дамыту;
3. Тірі және өлі табиғат объектілеріне деген ұқыпты қарым-қатынасқа тәрбиелеу, танымдық, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру;
4. Шығармашылық ойлау, әсерлі қиялдау дағдыларын қалыптастыру.

| Тақырыпша | **Денсаулық-3**<br>Дене шынықтыру-3 | **Қатынас-2,5**<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-1<br>Орыс тілі-0,5 | **Таным-2,5**<br>Математика негіздері-1<br>Құрастыру-0,5<br>Жаратылыстану1 | **Шығармашылық-3,5**<br>Музыка-1,5<br>Сурет-1<br>Мүсіндеу-0,5<br>Жапсыру-0,5 | **Әлеумет-0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу-0,5 |
|---|---|---|---|---|---|
| **І апта**<br><br>**«Ғажайыптар әлемі»**<br>**(Өлі табиғат құбылыстары)** | **Дене шынықтыру. Дене шынықтыру жетекшсінің жоспарымен жүргізіледі** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Мөлдіреген аппақ қыс»**<br>**Мақсаты:** Тілдің қарқынын өзгерту біліктерін бекіту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар оқу. Артикуляциялық аппаратты одан әрі жетілдіру. Тілде сөйлемдердің әртүрлі түрлерін, қосымшаларды қолдану.<br>**Дидактикалық ойын: «Жыл мезгілі»**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Көңілді қыс» өлеңі Ш.Мұхамеджанов<br>**Мақсаты:**Балаларды өлеңдерді түсініп, есте сақтауға үйрету. Кейіпкерлердің мінезін сипаттауға дағдыландыру. Әңгімелерді тыңдап, мазмұнын бере білу.<br>**Дидактикалық ойын: «Аппақ, аппақ, жапалақтап...»** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Ғажайып қыс»**<br>**Мақсаты:** Топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс талдап, қорыта білуді дамыту.<br>Жиын сапасы бойынша әртүрлі заттардан тұратындығы туралы түсініктерін жетілдіру.Жиындағы заттардың сыңарларын қою негізінде салыстыруды қалыптастыру.<br>**Дид-қ ойын: «Шырша канша?»**<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:«Күміс қыс»**<br>**Мақсаты:** Өлі табиғат нысандары туралы білімдерін байыту. Қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру. | **Сурет**<br>**Тақырыбы: «Ақша қар»**<br>**Мақсаты:** Үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып, сурет салуды дамыту.<br>Үшбұрыш,сопақша пішіндерді пайдаланып ақша қардың суретін салуды қалыптастыру.Заттарды қағаз бетіне тұтастай орналастыра отырып, мазмұнды композиция салу,<br>дағдыларын жетілдіру .<br>**Дид-қ ойын: «Ұлпа қарлар»**<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Аққала»**<br>**Мақсаты:** Бірнеше бөліктерді біріктіре отырып мүсіндеуді, оларды орналастыру әдіс тәсілдерін сақтауды қалыптастыру.Жартылай | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Балалардың қарапайым экологиялық білімдерін кеңейту. Қыс мезгілінде адамдардың іс-әрекетіне зейіндерін аудару дағдыларын дамыту<br>**Дид-қ ойын: «Қар қиыршықтары қандай?»**<br><br>**Құрастыру**<br><br>**Тақырыбы:«Аққала»**<br>**Мақсаты:** Балаларды қалдық материалдан бұйым жасауға баулу. Бөліктерді біріктіру үшін желімді пайдалану. Аққала жасау кезінде сәйкес белгілері бойынша біріктіре білу және онымен ойнай отырып шығармашылық қиялдау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Дид-қ ойын: «Аққала соғамыз»** (жинаймыз) | пішінді алу үшін сазбалшықтың тұтас кесегінен мүсіндеу дағдыларын жетілдіру .<br>**Дид-қ ойын: « Менің аққалам »**<br><br>**Музыка**<br>**Музыка жетекшісінң жоспарымен жүргізіледі**<br><br>**Музыка**<br>**Музыка жетекшсінің жоспарымен жүргізіледі** | |
| **ІІ апта**<br><br>**«Көліктер»** | **Дене шынықтыру**<br>**Дене шынықтыру жетекшсі жоспарымен жүргізіледі** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Көліктер»**<br>**Мақсаты:** Заттар тобын білдіретін сөздерді балалардың сөздік қорына жалпылауыш сөздерді түсіну арқылы ендіру (ойыншықтар) заттардың қолданысын түсіндіру. Құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасқа түсе алып, өтініштерін орындау. Тілде сөйлемдердің | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Автобус» (геометриялық пішіндер)**<br>**Мақсаты:** Геометриялық пішіндерді:шеңбер, шаршы тану және атауға үйрету. Пішіндердің пішінін сипап-сезу және көру тәсілдерімен зерттеу.Жеке және ұжымдық іс-әрекет | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Автобус»**<br>**Мақсаты:**Сурет салудың техникалық дағдыларын жетілдіру. Суретте ашық және солғын түстерді пайдалану.Заттардың үлгі бойынша олардың өзіне тән ерекшеліктерін: пішінін, пропорциясын және заттар мен олардың | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: «Байланыс және қозғалыс құралдары»**<br>**Мақсаты:** Көлікте жұмыс іститін адамдарға сыйластықпен қатынас жасауға тәрбиелеу.Қозғалы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | әртүрлі түрлерін, қосымшаларды қолдану.<br>**Дидактикалық ойын: «Көлікті аяқта»**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Көңілді көліктер»**<br>**Мақсаты:** Балаларды өлеңдерді түсініп, есте сақтауға үйрету. Кейіпкерлердің мінезін сипаттауға дағдыландыру. Әңгімелерді тыңдап, мазмұнын бере білу.<br>**Дид-қ ойын: «Көліктерше ән салайық»**<br><br>**Орыс тілі.**<br><br>**Тақырыбы: «Көлік»**<br>**Мақсаты:** Қысқа сұрақтарға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге үйрету. Сұрақтарға жауап беру кезінде орыс тіліндегі сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолдану дағдыларын бекіту. 2-3 сөзден тұратын сөз тіркестерін, сөйлемдерді құрастыруға үйрету.<br>**Дидактикалық ойын: «Жүргізуші»** | дағдыларын бекіту.<br>**Дид-қ ойын: «Вагонның таңбасын тап»**<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Көлік түрлері»**<br>**Мақсаты:**Табиғат құбылыстары туралы түсініктерін қалыптастыру.Табиғаттағы ауа-райының жағдайларын бақылау және бақылаулардың нәтижелелін табиғат күнтізбесіне белгілеу дағдыларын жетілдіру.Көліктерге күтім жасау дағдыларын қалыпастыру.<br>**Дид-қ ойын: «Көліктерді жинайық»** | бөліктерінің орналасуын ескере отырып сурет салуға қалыптастыру ;<br>**Дид-қ ойын: «Ненің дыбысы?»**<br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Паровоз»**<br>**Мақсаты:** Қайшыны дұрыс ұстауға және оны пайдала алуға дағдыландыру. Шаршы мен төртбұрышты екі бөлікке қию, жіңішке жолақтарды көлденеңінен қию дағдаларын қалыптастыру. Желіммен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру.<br>**Дид- ойын: «Әр бөлшектің орнын тап»**<br>**Музыка**<br>**Музыка жетекшісінң жоспарымен жүргізіледі** | с ортасын ескере отырып көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру.Әр түрлі көлік құралдары мен оларды баскаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. |
| **III апта**<br><br>**«Электроника әлемі»** | **Дене шынықтыру**<br>**Дене шынықтыру жетекшісінің жоспарымен жүргізіледі** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Электротехникалық тұрмыстық заттар»**<br>**Мақсаты:** Заттар тобын білдіретін сөздерді балалардың сөздік қорына жалпылауыш | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Электроника әлемі»**<br>**Мақсаты:**Кеңістікте бағдарлау. Қарапайым себеп-салдарлық | **Сурет**<br>**Тақырыбы:«Теледидар»**<br>**Мақсаты:** Заттардың үлгі бойынша, түсін ескере отырып салуды дағдыландыру. Көлемі бойынша олардың | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сөздерді түсіну арқылы ендіру (ыдыс). Балалардың сөздік қорын тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық заттардың атауларымен байыту. Олардың атауларын, заттардың қолданысын түсіндіру.<br>**Дид-қ ойын: «Менің үйімдегі электроника»**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Тоңазытқыш»**<br>**Мақсаты:** Балаларды өлеңдерді түсініп, есте сақтауға үйрету. Кейіпкерлердің мінезін сипаттауға дағдыландыру. Әңгімелерді тыңдап, мазмұнын бере білу.<br>**Дид-қ ойын: «Артығын тауып көр»** | байланыстарды анықтауды қалыптастыру.Өзінің дене бөліктерінің орналасуын бағдарлау дағдыларын бекіту.<br>**Дид-қ ойын: «Шаңсорғыш»**<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Аквариумдағы балықтар»**<br>**Мақсаты:** Жанды табиғат бұрышын мекендеушілер туралы түсініктерін кеңейту. Қарапайым дербес тәжірибе іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. Балалардың қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және табиғат бұрышындағы жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға баулу.<br>**Дид-қ ойын: «Мекенін тап»** | арақатынасын ескеруге қалыптастыру .Теледидардың пішінін бейнелей білуге баулу .<br>**Дид-қ ойын: «Не артық?»**<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Ұялы телефон»**<br>**Мақсаты:** Тұрмыстық заттарды мүсіндеуге қызығушылық дағдыларын қалыптастыру. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Мүсіндеу техникасын жетілдіру.<br>**Дид-қ ойын: «Сымсыз телефон»**<br><br>**Музыка**<br>**Музыка жетекшісінң жоспарымен жүргізіледі**<br><br>**Музыка**<br>**Музыка жетекшсінің жоспарымен жүргізіледі** | |
| **IVапта**<br><br>**«Мамандық-тың бәрі жақсы»** | **Дене шынықтыру**<br>**Дене шынықұтыру жетекшісі жоспарымен жүргізіледі** | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Тақырыбы: «Мамандықтың бәрі жақсы»**<br>**(сурет бойынша әңгіме)**<br>**Мақсаты:** Жеке тәжірибесінен суреттің мазмұны бойынша | **Математика негіздері**<br><br>**Тақырыбы: «Құрылысшының құралы»(көлем)**<br>**Мақсаты:**Тәуліктің қарама-қарсы бөліктерін | **Музыка**<br><br>**Музыка жетекшісінң жоспарымен жүргізіледі**<br>**Сурет**<br>**Тақырыбы: « Сылақшының қалағы** | **Қоршаған ортамен танысу**<br><br>**Тақырыбы: «Балабақша қызметкері»**<br>**Мақсаты:**.Балабақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | шағын әңгімелер құрастыру. Тілдік ойындар мен жаттығуларды қолдана отырып, балалардың сөздік қорларын дамыту және байыту. Сөзге қызығушылықтарын дамыту.<br>**Дидактикалық ойын: «Кімнің құралы?»**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Мамандықтың бәрі жақсы»**<br>**Мақсаты:** Ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Әңгімелерді тыңдап, мазмұндап бере алуға үйрету. Ойында әдеби бейнелерді қолдану.<br>**Дид-қ ойын: «Дәрігер Айболит»**<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тақырыбы:** «Мамандықтың бәрі жақсы»<br>**Мақсаты:** күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздерді түсіну және қолдана білуді қалыптастыру. Қысқа сұрақтарға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге үйрету. Сөйлеу тілінде есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Гаражға бірдей түсті көлік қойыңыз» | анықтау және тану дағдыларын қалыптастыру: таңертең, күндіз, кеш, күндер: бүгін, кеше, ертең ұғымдарын қалыптастыру.Жасалған әрекеттердің көмегімен түрлі мәселелерді шешудің әдістерін табуды меңгерту; Өзіне қатысты кеңістіктегі заттардың орналасуын анықтай алуды түсіндіру.;<br>**Дид-қ ойын: «Біз үй саламыз»**<br><br>**Жаратылыстану**<br><br>**Тақырыбы:**<br>**«Мен құрылысшы боламын»**<br>**Мақсаты:** Ересектердің еңбегін бағалай білуге үйрету.Ересектерге сыйластықпен қарым қатынас жасауға қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу.Табиғаттағы маусымдық өзгерістердің қарапайым байланыстарын бекіту.<br>**Дид-қ ойын: «Әсем үйлер»** | »<br>**Мақсаты :** Заттардың үлгі бойынша олардың өзіне тән ерекшеліктерін: пішінін, пропорциясын және заттар мен олардың бөліктерінің орналасуын ескере отырып сурет салуға қалыптастыру ; Көлемі бойынша олардың арақатынасын ескеріп, қалақтың пішінін бейнелей білуге баулу;Заттарды қағаз бетіне тұтастай орналастыра білу .<br>**Дидактикалық ойын «Мамандық иелерінің құралдары »**<br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Мамандықтың бәрі жақсы»**<br>**Мақсаты:** Қайшыны дұрыс ұстауға және оны пайдала алуға дағдыландыру. Қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастыруға және ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеуге үйрету.<br>**Дидактикалық ойын: «Мен кім болам»** | ша қызметкерінің еңбегі туралы білімдерін нақтылау Сыйластықпен қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.<br>**Дид-қ ойын: «Қандай мамандық иесі?»** |

**Наурыз айы 2021 ж**

**Өтпелі тақырып «Салттар мен фольклор»**

**Мақсаты:** жаңашыл әдіс-тәсілдерді, ақпараттық құралдарды (АКТ) пайдалана отырып, мемлекетімізде тұратын әр-түрлі ұлт өкілдері және олардың салт-дәстүрлері туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың мүмкіндіктері мен қызығушылықтарына сәйкес ұлттық дәстүрге баулу, танымдық белсенділіктерін арттыру.

**Міндеттері:**

1. Балаларды тәрбиелеуде, олардың денсаулығын сақтау мен нығайтуда ата-аналарға қолдау көрсету, түрлі спорттық шараларға тарту;
2. Қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдай отырып, балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;
3. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыра отырып, отансүйгіштікке тәрбиелеу;
4. Ересектердің еңбектерін құрметтеуге тәрбиелей отырып, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру.

| **Тақырыпша** | **Денсаулық-3**<br>Дене шынықтыру-3 | **Қатынас-2,5**<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-1<br><br>Орыс тілі-0,5 | **Қатынас-2,5**<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-1<br>Орыс тілі-0,5 | **Таным-2,5**<br>Математика негіздері-1<br>Құрастыру-0,5<br>Жаратылыстану1 | **Шығармашылық-3,5**<br>Музыка-1,5<br>Сурет-1<br>Мүсіндеу-0,5<br>Жапсыру-0,5 | **Әлеумет-0,5**<br>Қоршаған орта-0,5 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **І апта**<br><br>**«Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері»** | **Дене шынықтыру**<br>**Дене шынықтыру жетекшісі жоспарымен жүргізіледі** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Салт- дәстүрді білемін»**<br>**Мақсаты:**Балалардың сөздік қорын ұлттық заттардың атауларымен байыту. Заттар тобын білдіретін сөздерді балалардың сөздік қорына жалпылауыш сөздерді түсіну арқылы ендіру. Жеке тәжірибесінен суреттің мазмұны бойынша шағын | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Салт- дәстүрді білемін»**<br>**Мақсаты:**Балалардың сөздік қорын ұлттық заттардың атауларымен байыту. Заттар тобын білдіретін сөздерді балалардың сөздік қорына жалпылауыш сөздерді түсіну арқылы ендіру. Жеке | **Математика негіздері**<br><br>**Тақырыбы:«Ұлттық киімдер»**<br>**Мақсаты:**<br>Заттардың сыңарларын қою негізінде салыстырып, теңдігін немесе теңсіздігін анықтау іскерлігіне | **Сурет салу**<br><br>**Тақырыбы:«Әжемнің текеметі »**<br>**Мақсаты:** Дөңгелек және сопақша пішіндегі ою-өрнекті құрастыру, ұлттық ою-өрнектердің элементтерін пайдалану дағдыларын жетілдіру.Пішінін ескере | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | әңгімелер құрастыру.<br>**Дид-қ ойын: «Сөзді жұмбақта»**<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>**Тақырыбы: «Бесік жыры»**<br>**Мақсаты:** Мазмұнды эмоционалды қабылдай білу, кейіпкерлерге жанашырлық таныта білу біліктерін, ертегіні баяндау ерекшелігін байқауды дамыту. Шағын әңгімелер құрастырып, ойында әдеби бейнелерді қолдану.<br>**Дид-қ ойын: «Қуыршақты бесікке бөлейік»** | тәжірибесінен суреттің мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастыру.<br>**Дид-қ ойын: «Сөзді жұмбақта»**<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>**Тақырыбы: «Бесік жыры»**<br>**Мақсаты:** Мазмұнды эмоционалды қабылдай білу дағдыларын дамыту. Балаларға өлеңді түсініп есте сақтауға үйрету.<br>**Дид-қ ойын: «Қуыршақты бесікке бөлейік»** | жаттықтыруды жалғастыру.Жиын сапасы бойынша әртүрлі заттардан тұратындығы туралы түсініктерін Жетілдіру.5-ке дейін тура және кері санауды жетілдіру.<br>**Дид-қ ойын: «Заттарды топтастыр»**<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Табиғаттағы маусымдық өзгерістер»**<br>**Мақсаты:** Табиғатта өзін ұстау ережесін білуге тәрбиелеу. Көктем мезгілінде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту; Табиғаттағы маусымдық өзгерістердің қарапайым байланыстарын орнатуды үйрету.<br>**Үстел-үсті ойыны: «Аң мен аңшы»**<br><br>**Құрастыру**<br><br>**Тақырыбы: « Қазақтың ұлттық** | отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Дид-қ ойын: «Таныс оюлар »**<br><br>**Мүсіндеу**<br><br>**Тақырыбы: «Торсық»**<br>**Мақсаты:** Халық шеберлерінің еңбегі туралы білімін кеңейту.Саздан жасалған халықтық бұйымдардың желісі бойынша мүсіндеу дағдыларын .бекіту.Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіре білуді қалыптастыру .<br>**Дид-қ ойын: «Ыдыстар »**<br><br>**Музыка** | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **бұйымдары»**<br>**Мақсаты:**Қағаздан орамдар, жиектер жасау.Бөлшектерді өзара желімдеу, композиция жасау.Жеке және ұжымдық іс-әрекет дағдыларын бекіту.Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша біріктіре білу.<br>**Дид-қ ойын: «Қуыршақты сәндейік»** | **Музыка жетекшісінң жоспарымен жүргізіледі**<br><br>**Музыка**<br>**Музыка жетекшісінің жоспарымен жүргізіледі** | |
| **II апта**<br><br>**«Ертегілер елінде. Театр әлемі»** | **Дене шынықтыру**<br>**Дене шынықтыру жетекшісінің жоспарымен жүргізіледі** | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Тақырыбы: «Менің сүйікті ертегім»**<br>**Мақсаты:** Жеке тәжірибесінен сурет мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастыру. Тілде сөйлемдердің әртүрлі түрлерін, қосымшаларды қолдану. Таныс сөжеттер бойынша ертегілерді сахналау.<br>**Дид-қ ойын: «Ертегінің атын тап»**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Батырлар желісі»**<br>**Мақсаты:** Көркем әдебиет шығармалары бойынша сахналау дағдыларын дамыту. Таныс сюжеттер | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Тақырыбы: «Менің сүйікті ертегім»**<br>**Мақсаты:** Жеке тәжірибесінен сурет мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастыру. Тілде сөйлемдердің әртүрлі түрлерін, қосымшаларды қолдану. Таныс сөжеттер бойынша ертегілерді сахналау.<br>**Дид-к ойын: «Ертегінің атын тап»**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Батырлар желісі»**<br>**Мақсаты:** Көркем | **Математика негіздері**<br><br>**Тақырыбы:»Шама»**<br>**«Заттарды салыстыру»**<br>**Мақсаты:**Ұзындығы, ені, биіктігі, жуандығы бойынша беттестіруге үйрету. Тұстастыру арқылы екі қарама-карсы және бірдей заттарды салыстыру дағдысын бекіту.Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды орнату. | **Сурет салу**<br><br>**Тақырыбы: «Менің сүйікті кейіпкерім (Түлкі )»**<br>**Мақсаты:**Балалардың сүйікті ертегі кейіпкерлерін өз қалаулары бойынша салуға дағдыландыру. Ертегі кейіпкерінің дене бөліктерін атай отырып геометриялық пішіндерден біріктіріп салу.Мазмұнды композиция салу дағдыларын дамыту.<br>**Дид-қ ойын: «Не артық?»** | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | бойынша ертегілерді сахналау. Өзінің қимылын серіктесінің қимылымен үйлестіру.<br>**Дид-қ ойын: «Кімнің бейнесі?»**<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тема: «Ертегі кейіпкері қонақта»**<br>**Мақсаты:** Дауыс және артикуляциялық аппаратты, сөйлеуде тыныс алу мен анық дикцияны дамыту дағдыларын жетілдіру. Күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздерді түсіну және қолдана білуді қалыптастыру. Қысқа сұрақтарға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге үйрету.<br>**Дидактикалық ойын: «Қандай ертегі?»** | әдебиет шығармалары бойынша сахналау дағдыларын дамыту. Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді сахналау. Өзінің қимылын серіктесінің қимылымен үйлестіру.<br>**Дид-қ ойын: «Кімнің бейнесі?»**<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тема: «Ертегі кейіпкері қонақта»**<br>**Мақсаты:** Дауыс және артикуляциялық аппаратты, сөйлеуде тыныс алу мен анық дикцияны дамыту дағдыларын жетілдіру. Күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздерді түсіну және қолдана білуді қалыптастыру. Қысқа сұрақтарға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге үйрету.<br>**Дидактикалық ойын: «Қандай ертегі?»** | **Дид-қ ойын: «Қандай өзгешелік бар?»**<br><br>**Жаратылыстану**<br><br>**Тақырыбы: «Жабайы жануарлар»**<br>**Мақсаты:** Жабайы жануарлардың (түлкі, қасқыр, тиін) сыртқы белгілері мен әрекеттері туралы білімдерін бекіту.Қозғалу және коректену тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту. Жануарлардың өсіп-өнуіне қажетті жағдайларды білуге үйрету.<br>**Дид-қ ойын: «Жануар құрастыр»**<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Ертегідегі зәулім үй»**<br>**Мақсаты:**.Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша біріктіре білу және онымен ойнай отырып, шығармашылық | **Жапсыру**<br>**Тақырыбы: Біздің үй**<br>**Мақсаты:**<br>Қайшыны дұрыс ұстауға және оны пайдала алуға дағдыландыру. Шаршы мен төртбұрышты екі бөлікке қию, жіңішке жолақтарды көлденеңінен қию дағдаларын қалыптастыру. Желіммен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру.<br>**Дид-қ ойын:** «Кім жылдам?»<br><br>**Музыка**<br>**Музыка жетекшісінң жоспарымен жүргізіледі** | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қиялдау дағдыларын қалыптастыру.Құрдастар арасында міндеттерді бөлісу. Жеке және ұжымдық іс-әрекет дағдыларын бекіту.<br>**Дид-қ ойын: «Мыстан кемпірдің үйшігі»** | | |
| **III апта**<br><br>**«Өнер көзі-халықта»** | **Дене шынықтыру**<br>**Дене шынықтыру жетекшісінің жоспарымен жүргізіледі** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Көктем сәні» өлеңі**<br>**Мақсаты**: Тілдік ойындар мен жаттығуларды қолдана отырып, балалардың сөздік қорларын дамыту және байыту. Сөзге қызығушылықтарын дамыту. Жеке тәжірибесінен суреттің мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастырту.<br>**Дид-қ ойын: «Мықты болсаң, тауып көр!»**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Наурыз тойы» өлеңі Т.Молдағалиев**<br>**Мақсаты:** Мазмұнды эмоционалды қабылдай білу. Балаларды түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру. Балаларды өлеңдерді түсініп, есте сақтауға үйрету.<br>**Дид-қ ойын: «Наурыз көже жасайық»** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Көктем сәні» өлеңі**<br>**Мақсаты**: Тілдік ойындар мен жаттығуларды қолдана отырып, балалардың сөздік қорларын дамыту және байыту. Сөзге қызығушылықтарын дамыту. Жеке тәжірибесінен суреттің мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастырту.<br>**Дид-қ ойын: «Мықты болсаң, тауып көр!»**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Наурыз тойы» өлеңі Т.Молдағалиев**<br>**Мақсаты:** Мазмұнды эмоционалды қабылдай білу. Балаларды түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру. Балаларды | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Ертегілер еліндегі ғажайып математика »**<br>**Мақсаты:** Әртүрлі сезім мүшелерінің көмегімен санау дағдысын дамытуды жалғастыру (көру, есту, иіс сезу).Жиындағы заттардың сыңарларын қою негізінде салыстырып, теңдігін немесе теңсіздігін анықтай білуді жетілдіру. Топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді жалпылай білуді дамыту;<br>**Дид-қ ойын: «Көршісін ата»** | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: « Алтын балық»**<br>**Мақсаты:** Заттардың үлгі бойынша олардың өзіне тән ерекшеліктерін, пішінін, пропорциясын және заттар мен олардың бөліктерінің орналасуын ескере отырып, сурет салуды жетілдіру.Көлемі бойынша олардың арақатынасын ескеріп, заттар мен жануарлардың пішінін бейнелей білуге қалыптастыру .<br>**Дид-қ ойын: «Алтын балыққа тілек»**<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Қошқармүйіз »**<br>**Мақсаты:** Мүсіндеудің таныс тәсілдерін пайдалана отырып, қамырдан мүсіндеу. Ертегілер | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: «Ұлттық киім мен әшекейлер»заттық әлем**<br>**Мақсаты:** Балаларды ұлттық киімді,тұрмыс заттары мен әшекейлерді даярлаумен таныстыруды жалғастыру. Ұлттық үлгіде дайындалған киімдерді пайдалана отырып ҚР және онда тұратын әр түрлі ұлт өкілдірі туралыф түсініктерін қалыптастыру<br>**Дид-қ ойын: «Кімге не керек? »** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | өлеңдерді түсініп, есте сақтауға үйрету.<br>**Дид-қ ойын: «Наурыз көже жасайық»** | **Жаратылыстану**<br><br>**Тақырыбы: «Өсімдіктер әлемі»**<br>**Мақсаты:** Көктем мезгіліндегі табиғаттағы бақылау дағдыларын дамыту.Бөлме өсімдіктерін ажыратып атауға үйрету.Гүлдің бөліктерін атай білу дағдыларын дамыту.<br>**Дид-қ ойын: «Зоологиялық лото»** | мен қоршаған өмір тақырыптарына мазмұндық композициялар құрастыру дағдыларын жетілдіру.Халық шеберлерінің еңбегі туралы білімін кеңейту.Саздан жасалған халықтық бұйымдардың желісі бойынша ыдыстарды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру .<br>**Дид-қ ойын: «Өрнекті тап »**<br>**Музыка**<br>**Музыка жетекшсінің жоспарымен жүргізіледі**<br>**Музыка**<br>**Музыка жетекшсінің жоспарымен жүргізіледі** | |
| **IVапта**<br><br>**«Нұр төккен, гүл көктем»** | **Дене шынықтыру**<br>**Дене шынықтыру жетекшсінің жоспарымен жүргізіледі** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Көктемде»**<br>**Мақсаты:**Т лде сөйлемдердің әртүрлі түрлерін, қосымшаларды қолдану. Жеке тәжірибесінен суреттің мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастыру. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту.<br>**Дид-қ ойын: «Бұл қай кезде болады?»** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Көктемде»**<br>**Мақсаты:**Т лде сөйлемдердің әртүрлі түрлерін, қосымшаларды қолдану. Жеке тәжірибесінен суреттің мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастыру. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту.<br>**Дид-қ ойын: «Бұл қай** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Көктемгі саябақ»**<br>(кеңістікті бағдарлау)<br>**Мақсаты:** Өзінің дене бөліктерінің орналасуын бағдарлау дағдыларын бекіту, өзіне тікелей жақын кеңістік бағыттарын | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Ағаштар бүршік жарғанда»**<br>**Мақсаты:** Ағаштарды олардың ерекшеліктерін ескере отырып, сюжетті сурет салу дағдыларын қалыптастыру.Заттарды қағаз бетіне тұтастай орналастыра отырып, мазмұнды композиция салу,<br>дағдыларын дамыту. | **Қоршаған ортамен танысу**<br><br>**Тақырыбы: Менің Отаным-Қазақтан»**<br>**Мақсаты:** Фотосуреттерді халық өмірі туралы, картиналарды ұлттық сәндік өнер бойынша альбомдарды тұрмыстық заттар |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Ару қыздар өнері»**<br>**Мақсаты:** Өзінің қимылын серіктесінің қимылымен үйлестіру: сахнада бағдарлайды, қыздарға тән (қарапайым, әдемі) мінез-құлық ерекшелігін талқылау. Адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан бағалау.<br>**Дид-қ ойын: «Мінездеме суреті»**<br><br>**Орыс тілі**<br><br>**Тақырыбы: «Наурыз»**<br>**Мақсаты:** Қысқа сұрақтарға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге үйрету. Сұрақтарға жауап беру кезінде орыс тіліндегі сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолдану дағдыларын бекіту. Қысқа шығармаларды, өлеңдерді тыңдауға, түсінуге және қайталап айтуға үйрету.<br>**Дидактикалық ойын: «Наурызды қарсы аламыз»** | **кезде болады?»**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Ару қыздар өнері»**<br>**Мақсаты:** Өзінің қимылын серіктесінің қимылымен үйлестіру: сахнада бағдарлайды, қыздарға тән (қарапайым, әдемі) мінез-құлық ерекшелігін талқылау. Адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан бағалау.<br>**Дид-қ ойын: «Мінездеме суреті»**<br><br>**Орыс тілі**<br><br>**Тақырыбы: «Наурыз»**<br>**Мақсаты:** Қысқа сұрақтарға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге үйрету. Сұрақтарға жауап беру кезінде орыс тіліндегі сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолдану дағдыларын бекіту. Қысқа шығармаларды, өлеңдерді тыңдауға, түсінуге және қайталап айтуға үйрету.<br>**Дидактикалық ойын: «Наурызды қарсы** | анықтау.Тәулік бөліктерін: танертең, күндіз, кеш, күндер: бүгін, кеше, ертең, жылдам, баяу ұғымдарын атауды қалыптастыру.Өзіне қатысты кеңістіктегі заттардың орналасуын анықтауды үйрету.<br>**Дид-қ ойын: «Қанша болды, қанша қалды?»**<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Көктем келді гүл алып»**<br>**Мақсаты:** Көктем мезгіліндегі өсімдіктердің тіршілігі, шөптесін өсімдіктер ( 4-5 түрін), жидектер, саңырауқұлақтар туарлы білімдерін қалыптастыру.Бала бақша ауласындағы және маңайдағы өсімдіктер туралы білімдерін бекітуді жалғастыру. Ағаштың және гүлдің бөліктерін атай білуге үйрету.<br>**Дик ойын: «Дала** | Ағаштардың көктем мезгіліндегі ерекшеліктерін ескере отырып, салуға қалыптастыру .<br>**Дид-қ ойын: «Көктем көрінісі»**<br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Ағаштар бүршік жарды»**<br>**Мақсаты:** Қайшыны дұрыс ұстауға және оны пайдала алуға дағдыландыру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеуге және қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастыруға дағдыландыру.<br>**Дид-қ ойын: «Көктем көрінісі»**<br><br>**Музыка**<br>**Музыка жетекшсінің жоспарымен жүргізіледі** | мен ұлттық үлгідегі дайындалған киімдерді пайдалана отырып Қазақстан Республикасы және онда тұратыгн әртүрлі ұлт өкілдері туралы түсініктерін қалыптастыру<br>**Дид-қ ойын: «Көктем көрінісі»** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **аламыз»** | **гүлдерін білесің бе?»** | | |

**2021 жыл, Сәуір айы**

**Өтпелі тақырып «Біз еңбекқор баламыз»**

**Мақсаты:** Балалардың белсенді қимыл әрекеттерін ұйымдастыру, ересектермен еркін қарым –қатынас жасау дағдыларын дамыту. Еңбек сүйгіштікке, еңбек адамдарына деген құрмет сезімдерін білдіруге тәрбиелеу. Мектепке дейінгі жастағы балалардың денсаулық, тілдік, танымдық және шығармашылық деңгейлері бойынша білім, білік, дағдыларын арттыру.

**Міндеттері:**

1. Шынықтырудың түрлі тәсілдерін қолдану арқылы салауатты өмір салтын, жеке бас гигиенасын сақтауға қалыптастыру;
2. Үлкендердің еңбегімен таныстыра отырып еңбекті құрметтеуге үйрету. Еңбек әрекеттерін орындауға ынталандыру;
3. Түрлі техникаларды қолдану арқылы пәндік шығармашылық ортаны қалыптастыру, өнерге баулу;
4. Еңбек ету барысында қоршаған ортаны күтіп-баптауға қалыптастыру, бақылағыштық сезімдерін дамыту.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Тақырыпш** | **Денсаулық-3** | **Қатынас-2,5** | **Таным-2,5** | **Шығармашылық-3,5** | **Әлеумет-0,5** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дене шынықтыру-3 | Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-1<br>Орыс тілі-0,5 | Математика негіздері-1<br>Құрастыру-0,5<br>Жаратылыстану1 | Музыка-1,5<br>Сурет-1<br>Мүсіндеу-0,5<br>Жапсыру-0,5 | Қоршаған орта-0,5 |
| **І апта**<br><br>**«Аялайық гүлдерді»** | **Дене шынықтыру**<br>**Дене шынықтыру жетекшісінің жоспарымен жүргізіледі** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Қызғалдақ» өлеңі Р.Тышқанбаев.<br>**Мақсаты:** Тілдік қарқынын өзгерту біліктерін бекіту. Артикуляциялық аппаратты одан әрі жетілдіру. Жеке тәжірибесінен суреттің мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастыру.<br>**Дид.ойын:** «Гүлді тап»<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**<br>«Бақшадағы гүлдер»<br>**Мақсаты:** балаларды түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру. Өзінің қимылын серіктесінің қимылымен үйлустіру. Әңгімелерді тыңдап, мазмұндап беруге үйрету.<br>**Дид-қ ойын: «Гүлдерді ата»** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Көктемгі гүлзар»**<br>**Мақсаты:** Жасалған әрекеттердің көмегімен түрлі мәселелерді шешудің әдістерін табады.Жиын сапасы бойынша әртүрлі заттардан тұратындығы туралы түсініктерін жетілдіру. Екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру дағдысын бекіту.<br>**Дид-қ ойын: «Гүлдерді түсіне қарай жина»**<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Гүлдер біздің сәніміз»**<br>**Мақсаты:**Көктем мезгіліндегі өсімдіктердің тіршілігі туралы, орманда, бақшада, далада өсетін өсімдіктер туралы білімдерін қалыптастыру.Балабақша ауласындағы және маңайдағы өсімдіктер туралы білімдерін бекітуді жалғастыру. Гүлдің бөліктерін атай білуге үйрету.<br>**Дид-қ** | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**<br>**« Бәйшешек бүршік жарғанда »**<br>**Мақсаты:**Заттардың үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып салады.Сурет салудың техникалық дағдыларын жетілдіру. Суретте ашық және солғын түстерді қолдану .<br>**Дид-қ ойын:**<br>**«Бәйшешек алаңы»**<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Әдемі гүлдер »**<br>**Мақсаты:**Қоршаған әлемнің әсемдігін эмоционалды қабылдайды.Жартылай пішінді алу үшін сазбалшықтың тұтас кесегінен мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Гүлдерді әдемі етіп мүсіндеуге тәрбиелеу .<br>**Дид-қ ойын: «Гүлдер»**<br><br>**Музыка**<br>**Музыка жетекшісінің жоспарымен жүргізіледі** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **ойын:«Айырмашылығын тап»**<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Гүл»**<br>**Мақсаты:**Қағаздан «оригами» типі бойынша гүлдер құрастыру. Бөлшектерді өзара желімдеу, композиция құрастыру.Құрдастар арасында міндеттерді бөлісу.<br>**Дид-қ ойын: «Әдемі гүл»** | **Музыка**<br>**Музыка жетекшісінің жоспарымен жүргізіледі** | |
| **II апта**<br><br>**«Ас атасы-нан»** | **Дене шынықтыру.**<br>**Дене шынықтыру жетекшісінің жоспарымен жүргізіледі** | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Тақырыбы: М.Етекбаев «Нан қайдан шығады?» ертегісі**<br><br>**Мақсаты:** Жеке тәжірибесінен суреттің мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастыру. Тілдік ойындар мен жаттығуларды қолдана отырып, балалардың сөздік қорларын дамыту және байыту. Есту зейінін және тілдегі дыбыстарды дұрыс айту біліктерін жетілдіру.<br>**Дид-қ ойын: «Не екті, не шықты?»**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Бидай мен қаңбақ» А.Токмағанбетов**<br>**Мақсаты:**.адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан бағалау. | **Математика негіздері**<br><br>**Тақырыбы: «Бауырсақ» ертегісі**<br>**Мақсаты:** Заттардың жиынтық сапасы бойынша әртүрлі заттардан тұратындығы туралы түсініктерін жетілдіру. Осы заттардың сыңарын қою негізінде салыстырып теңдігін анықтау.Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды орнату.<br>**Дид-қ ойын: «Үлкен-кіші»**<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Наубайхана» (табиғи және қалдық материалдармен жұмыс)**<br>**Мақсаты:**Табиғи материалдардан, | **Сурет салу**<br><br>**Тақырыбы: «Бидай »**<br><br>**Мақсаты:** Заттарды қағаз бетіне тұтастай орналастыра отырып, мазмұнды комозиция салу дағдыларын дамыту.Көлемі бойынша олардың арақатынасын ескеріп, бидайдың пішінін бейнелей білуге баулу.<br>**Дид-қ ойын: «Егіс алқабында»**<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Торсық»**<br>**Мақсаты:** Қайшыны дұрыс ұстауға және оны пайдала алуға дағдыландыру. Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнерімен | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: «Табиғаттағы қауіпсіздік»**<br>**Мақсаты: Қоршаған затитар,олардың қасиеттері және колданылуы туралы түсініктерін кеңейту.**Қарапайым тәжірибелер мен зерттеу жүргізуге үйрету.Заттарды белгілі реттілікпен орналастыруға дағдыландыру<br>**Дид-қ ойын: «Сақтану ережесі»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Әңгімелерді тыңдап, мазмұндап береді, өлеңдерді жатқа айтқызу.ойында әдеби бейнелерді қолданады.<br>**Дид-қ ойын: «Ия, жоқ»**<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тақырыбы: «Ас атасы-нан»**<br>**Мақсаты:** 2-3 сөзден тұратын сөз тіркестерін, сөйлемдерді құрастыруға үйрету. Сөйлеу тілінде зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру. Заттардың мкейбір қасиеттерін: пішінін атау дағдыларын дамыту.<br>**Дидактикалық ойын: «Не жетіспейді?»** | жапырақтармен қорапшалардан наубайхананың макетін құрастыруды қалыптастыру.Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша біріктіре білуді кеңейту.Онымен ойнай отырып шығармашылық қиялдау дағдыларын жетілдіру.<br>**Дид-қ ойын: «Бөліктерден құрастыр»**<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Нан дастарханға қалай келеді?»**<br>**Мақсаты:** Қарапайым зерттеуге қызығушылық пен әуестік таныту дағдыларын жетілдіру.Жасалған әрекеттердің көмегімен түрлі мәселелерді шешудің әдістерін қалыптастыру.Әртүрлі сезім мүшелерінің көмегімен санау дағдысын жетілдіру (көру, есту, иіс сезу).<br>**Дид-қ ойын: «Бұл қай кезде болады?»** | таныстыру. Ұлттық ою өрнекті пайдаланып, ұлттық ыдысты безендіруге үйрету.<br>**Үстел-үсті ойыны: «Ауылдағы еңбек күні»**<br><br>**Музыка**<br>**Музыка жетекшісінң жоспарымен жүргізіледі** | |
| **ІІІ апта**<br><br>**«Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»** | **Дене шынықтыру**<br>**Дене шынықтыру жетекшсінің жоспарымен жүргізіледі** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: С.Қалиев «Құмырсқа» өлеңі**<br>**Мақсаты**: Жеке тәжірибесінен суреттің мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастыру. Тілдік ойындар мен | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Құмырсқаның саяхаты»**<br>**Мақсаты:** Геометриялық пішін -үшбұрышты тану және атау, пішннің | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Қанқызы»**<br>**Мақсаты:** Дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын жетілдіру.Өзінің | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жаттығуларды қолдана отырып, балалардың сөздік қорларын дамыту және байыту. Есту зейінін және тілдегі дыбыстарды дұрыс айту біліктерін жетілдіру.<br>**Дид-қ ойын: «Сөз ойла, тез ойла»**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Құмырсқа туралы ертегі»**<br>**Мақсаты:** Ертегі желісін ретімен орындау. Өзінің қимылын серіктесінің қимылымен үйлестіру. Сахнада бағдарлау.<br>**Ди-қ ойын: «Өз орнын тап?»** | пішінін сипап-сезу және көру тәсілдерімен зерттеу.Жасалған әрекеттердің көмегімен түрлі мәселелерді шешудің әдістерін түсіндіру.<br>**Дид-қ ойын: «Жұбын тап»**<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Жәндіктер әлемі»**<br>**Мақсаты:**Балалардың қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру.Жәндіктердің аттарын (қоңыз, көбелек, шыбын) бекіту, кейбір жәндіктер туралы (құмырсқа) қарапайым түсінік беру. Олардың сыртқы түрімен және қозғалу әдістерімен таныстыру.<br>**Дид-қ ойын: «Құмырсқаның илеуі»** | жұмыстарын және басқа балалардың жұмыстарын бағалай алады.Жәндіктердің ерекшеліктерін ескере отырып , бейнелей білуге қалыптастыру .<br>**Дид-қ ойын: «Ұшты, ұшты»**<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Қоңыз»**<br>**Мақсаты:**<br>Пропорцияларды сақтап, саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып екі бөліктен тұратын заттарды мүсіндеу.Ұжымдық жұмыстарды орындау, міндеттемелерді өзара бөлісу.<br>Мүсіндеудің таныс тәсілдерін пайдалана отырып, сазбалшықтан мүсіндеуді қалыптастыру .<br>**Дид-қ ойын: «Мейірімді қоңыз»**<br><br>**Музыка**<br>**Музыка жетекшісінің жоспарымен жүргізіледі**<br><br>**Музыка**<br>**Музыка жетекшісінің жоспарымен жүргізіледі** | |
| | **Дене** | **Сөйлеуді дамыту** | **Математика негіздері** | **Сурет салу** | **Қоршаған орта** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **IVапта**<br><br>**«Еңбек бәрін жеңбек»** | **шынықтыру**<br>**Дене шынықтыру жетекшіснің жоспарымен жүргізіледі** | **Тақырыбы: « Еңбек туралы мақал-мәтелдер»**<br>**Мақсаты:** Тілдің қарқынын өзгерту біліктерін бекіту. Артикуляциялық аппаратты одан әрі жетілдіру. Тілде сөйлемдердің әртүрлі түрлерін, қосымшаларды қолдану.<br>**Дид-қ ойын: «Еңбек етсең....»**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Шырылдауық шегіртке»**<br>**Мақсаты:** Жеке тәжірибесінен суреттің мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастыру. Тілдік ойындар мен жаттығуларды қолдана отырып, балалардың сөздік қорларын дамыту және байыту. Есту зейінін және тілдегі дыбыстарды дұрыс айту біліктерін жетілдіру.<br>**Дид-қ ойын: «Шегірткенің әні»**<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тақырыбы:** «Балалар ересектерге көмектеседі»<br>**Мақсаты:** 2-3 сөзден тұратын сөз тіркестерін, сөйлемдерді құрастыруға үйрету. Сөйлеу тілінде зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру. Заттардың кейбір қасиеттерін: пішінін атау дағдыларын дамыту.<br>**Дидактикалық ойын : «Кім не жасайды?»** | **Тақырыбы: «Құстар көктем құстары»**<br>**Мақсаты:** Заттардың санын салыстыруға үйрету, заттардың тең болу және тең болмау ұғымдарымен таныстыруды бекіту.Жиын сапасы бойынша әртүрлі заттардан тұратындығы туралы түсініктерін Жетілдіру.Теңдікті кем топқа үстемелей отырып немесе артық топтан бір затты алып тастай отырып, екі тәсілмен орнатуға, "Қанша еді?", "Қаншасы қалды?" сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br>**Дид-қ ойын: «Қанша өзгешелік бар?»**<br><br>**Жаратылыстану**<br><br>**Тақырыбы: «Пияз бен шөп»**<br>**Мақсаты:** Пияздың және шөптің бөлме жағдайында өсуі туралы білімдерін қалыптастыру.Өсімдіктің өсіп-өнуіне қажетті білу дағдыларын дамыту.Өсімдіктер әлеміне қамқорлық жасауға дағдыландыру.<br>**Дид-қ ойын: «Бақшада өсе ме, әлде бақта ма?»** | **Тақырыбы: «Құстың ұясы»**<br>**Мақсаты:** Заттардың үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып салуДөңгелек және сопақша пішіндегі ою-өрнекті құрастыру арқылы құстың суретін салуды қалыптастыру. Сурет салудың техникалық дағдыларын жетілдіру.<br>**Дид-қ ойын: «Қандай құстың даусы »**<br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Текемет»**<br>**Мақсаты:** Қайшыны дұрыс ұстауға және оны пайдала алуға дағдыландыру. Геометриялық пішіндерден өрнектер жасауға үйрету. Оюларды кезектестіріп ретімен желімдеуге дағдыландыру.<br>**Дид-қ ойын: «Құстар қоры»**<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы**: **«Еңбек бәрін жеңбек»**<br>**Мақсаты**: Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. Би қимылдарын бекіту. Әр түрлі эмоцияға көзқарастарын білдіру.<br>**Әуенді ырғақты қимыл**: | **таныстыру**<br>**Тақырыбы: «Қазақстан әскері»**<br>**Мақсаты:** Қазақстан әскері туралы түсініктерін кеңейту.Қазақстан мәдениетінің қайнар көзіне баулу.<br>Дидакалық ойын: «Ащы ма, тұщы ма?» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | «Добрый жук» («Күлше қыз»кинофильмінен)<br>**Музыка тыңдау**: «Бағбан жыры» Қ.Қайым<br>**Ән айту**: «Мен-бақытты ұланмын» М.Қуанышбаев<br>**Ойын ойнау**: «Бетперде» ойыны | |

**2021 жыл, Мамыр айы**

**Өтпелі тақырып «Әрқашан күн сөнбесін!»**

**Мақсаты: «Денсаулық», «Коммуникция», «Таным», «Шығармашылық» және «Әлеумет» білім** беру салаларының мазмұндары бойынша меңгерген білім, білік, дағдыларын анықтау, бекіту

**Міндеттері:**

1. Дене жаттығуларын орындау, қимылды ойындар Ережелерін, спорттық ойындардың техникаларын меңгеру және жеке бас гигиеналарын сақтау дағдыларын бекіту;
2. Ана тілі және басқа да тілдерде барлық дыбыстарды дұрыс айту, қарым-қатынасқа түсу, сөйлемдердің әр-түрлі түрлерін қолдану және сөйлеу дағдыларын бекіту;
3. Тәулік бөліктерін, кеңістіктегі заттардың орналасуын, түрлі мәселелерді шешудің әдістерін және құрылыс бөлшектерін анықтау дағдыларын бекіту. Қоршаған орта туралы қарапайым түсініктерін анықтау;
4. Шығармашылық дағдыларын, отбасылық құндылықтарын және отансүйгіштік сезімдерін бекіту

| Тақырыпша | **Денсаулық-3**<br>Дене шынықтыру-3 | **Қатынас-2,5**<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-1 | **Таным-2,5**<br>Математика негіздері-1<br>Құрастыру-0,5 | **Шығармашылық-3,5**<br>Музыка-1,5<br>Сурет-1 | **Әлеумет-0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу-0,5 |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Орыс тілі-0,5 | Жаратылыстану1 | Мүсіндеу-0,5<br>Жапсыру-0,5 | |
| **I апта**<br><br>**«Достық-біздің тірегіміз» (Халықтар достығы)** | **Дене шынықтыру**<br>**Дене шынықтыру жетекшісінің жоспарымен жүргізіледі** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Достығымыз жарасқан»**<br>**Мақсаты:** Жеке тәжірибесінен суреттің мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастыруды бекіту. Тілде сөйлемдердің әртүрлі түрлерін, қосымшаларды қолдану. Тілдік ойындар мен жаттығуларды қолдана отырып, балалардың сөздік қорларын дамыту.<br>**Дид-қ ойын: «Қай ұлттың киімі?»**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Тату доспыз бәріміз»**<br>**Мақсаты**: Балаларды тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтауға үйрету. Ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасау. Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білу.<br>**Дид-қ ойын: «Не деу керек?»** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Бір шаңырақ астында»**<br>**Мақсаты:**5-ке дейін тура және кері санауды жетілдіру.<br>Теңдікті кем топқа үстемелей отырып немесе артық топтан бір затты алып тастай отырып, екі тәсілмен орнатуға, "Қанша еді?", "Қаншасы қалды?" сұрақтарына жауап беруге үйрету. Топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді жалпылай білуді дамыту7<br>**Дид-қ ойын: «Балабақша**<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Батпырауық»**<br>**Мақсаты:**Қағаздан "оригами" үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. Бөлшектерді өзара желімдеу, композиция құрастыру.Қағаздан орамдар, жиектер, кесектер жасау.<br>**Дид-қ ойын: «Балабақша» (Дьенеш блоктарымен)** | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Эспоның шары »**<br>**Мақсаты:** Қазақ халқының сәндік-қоданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту.2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Дөңгелек пішінді пайдалана отырып сурет салуды жетілдіру :<br>**Дид-қ ойын: «Досыңа көмектес »**<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Ағаш үй »**<br>**Мақсаты:** Заттарды түрлі тәсілдерді қолданып мүсіндеу дағдыларын бекіту.. Қоршаған әлемнің әсемдігін эмоционалды қабылдауды қалыптастыру .Ағаш үйдің пішініне келтіріп мүсіндей білуді дағдыландыру .<br>**Дид-қ ойын: «Бірдей суретті тап»**<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы**: «Халықтың қуаты-бірлікте»<br>**Мақсаты**: Халықтар | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Бауырмен жорғалаушылар»**<br>**Мақсаты:** Бауырмен жорғалаушыларды олардың сыртқы құрылысын және қозғалу әдістерін білу дағдыларын дамыту. Бауырмен жорғалаушылар санатының өкілдерімен (кесіртке, тасбақа), олардың сыртқы түрімен және қозғалу әдістерімен таныстыру (кесірткенің денесі ұзын, құйрығы да ұзын ол оны тастап кете алады және ол тез қимылдайды). Балалардың қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру.<br>**Дид-қ ойын: «Ағашты тап»** | достығын насихаттау. Әр ұлт музыкасынан хабардар болу | |
| **ІІ апта** | **Дене шынықтыру**<br>**Дене шынықтыру жетекшісінің жоспарымен** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Кім әскерде қызмет етеді?»**<br>**І.Мамбетов** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:«Сарбаздар»**<br>**Мақсаты:** Заттарды салыстырып қою арқылы | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Мерекелік от шашу»**<br>**Мақсаты:** Өз ойлары | **Қоршаған ортамен танысу**<br>Тақырыбы: «Жолда жүру ережелері» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Отан қорғаушылыр» (ҚР әскері, Ұлы Отан соғысының ардагерлері)** | **жүргізіледі** | **Мақсаты:** Тілдік ойындар мен жаттығуларды қолдана отырып, балалардың сөздік қорын дамыту және байыту дағдыларын бекіту. Сурет бойынша әңгіме құрастыруға, сөздерді көпше және жекеше түрде дұрыс айтуларын жетілдіру. Отансүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Дид-қ ойын: «Отан қорғаушылар»**<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>**Тақырыбы: «Мәншүктің анасына хаты»**<br>**Мақсаты:** Өзінің қимылын серіктесінің қимылымен үйлестіру. Адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан бағалау. Мазмұнды эмоционалды қабылдапй білу.<br>**Сахналау**<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тақырыбы: «Отан қорғаушылар»**<br>**Мақсаты:** 2-3 сөзден тұратын сөз тіркестерін, сөйлемдерді құрастыруға үйрету. Сөйлеу тілінде зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру. Заттардың кейбір қасиеттерін: пішінін атау дағдыларын дамыту.<br>**Дидактикалық ойын: «Кім қайда қызмет етеді?»** | оларды санамай-ақ жұптарын салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету.Жиын сапасы бойынша әртүрлі заттардан тұратындығы туралы түсініктерін жетілдіру.Жасалған әрекеттердің көмегімен түрлі мәселелерді шешудің әдістерін табады;<br>**Дид-қ ойын: «Таныс пішіндер доминосы»**<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Ұшақ»**<br>**Мақсаты:**Балалардың қалдық материалдардан бұйым жасауларын жетілдіру. Бөліктерді біріктіру үшін желімді пайдалану дағдысын бекіту.Ұжымдық құрастыру біліктерін қалыптастыру.<br><br>**Дид-қ ойын: «Дұрыс, бұрыс»**<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Ағаштар»**<br><br>**Мақсаты:** Ағаштар мен бұталарды ажыратып атауға үйрету. Ағаштың бөліктерін атай білу дағдыларын дамыту. Табиғатта өзін ұстай білудің қарапайым ережелерін қалыптастыру. | бойынша сурет салу, композиция құрастыру. Көлемді пішіндерді безендіру. Сурет салудың техникалық дағдыларын жетілдіру. Суретте ашық және солғын түстерді пайдалану.<br>**Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қалта »**<br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Отшашу»**<br>**Мақсаты:** Жіңішке жолақтарды көлденеңінен қию дағдыларын қалыптастыру. Желіммен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру.<br>**Дид-қ ойын: «Әскери мамандық»**<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы**: **«Жеңіс күні»**<br>**Мақсаты**: Әскери музыкаларды тыңдап, жанрларды ажыратуды, қосыла билеуді үйрету.<br>**Әуенді ырғақты қимыл**:<br>«Катюша» биі<br>**Музыка тыңдау**:<br>«Жеңіс туы желбіреп» Б.Бейсенова<br>**Ән айту**: «Момышұлы Бауыржан» Е.Өміров<br>**Ойын ойнау**:<br>«Жалаушаны кім бірінші | Мақсаты:Бағдаршам түсінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру. жүргіншілер үшін ережелер.Жаяу жүргінші өткелі жол белгісі туралы білімдерін қалыптастыру.<br>Дид-қ ойын: «Кімге не қажет?» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Дид-қ ойын: «Өсімдіктің досын тап»** | іледі?» | |
| **ІІІ апта**<br><br>**«Көңілді жаз»** | **Дене шынықтыру**<br>**Дене шынықтыру жетекшісінің жоспарымен жүргізіледі** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Жайлау көркі»**<br>**Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Тілдік ойындар мен жаттығуларды қолдана отырып, балалардың сөздік қорын дамыту және байыту дағдыларын бекіту. Сурет бойынша әңгіме құрастыруға, сөздерді көпше және жекеше түрде дұрыс айтуларын жетілдіру.<br>**Дид-қ ойын: «Сөзге сөз қос»**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Жайлауда» өлеңі**<br>**Н.Жанаев**<br>**Мақсаты:** Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. Адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан бағалау. Әңгімелерді тыңдап, мазмұндап береді, өлеңдерді жатқа айтқызу.<br>**Дид-қ ойын: «Табиғатпен сырласу»** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:«Саяхатқа дайындық»**<br>**Мақсаты:**Кеңістікті бағдарлауды жетілдіру, математикалық ұғымдарын түсіну, берілген тапсырмаларды орындау. Өзінің айналасындағы заттардың орналасуын (оң,сол,алда,артта,жоғары-да,төменде,алыс,жақын) анықтау дағдыларын жетілдіру.<br>**Дидактикалық ойын: «Ойыншықтар дүкені»**<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Қош келдің, жаз!»**<br>**Мақсаты:** Жаз мезгілінде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту.Қарапайым зерттеуге қызығушылықпен әуестік дамытуға тәрбиелеу. Табиғатқа зиян келтіруі мүмкін жағдайлармен әрекеттерді атауға тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Көңілді жаз» (Еркін тақырып)**<br>**М**<br>**Мақсаты:** Заттарды қағаз бетіне тұтастай орналастыра отырып, мазмұнды композиция салу дағдыларын дамыту. Өз қалауымен сурет салу қабілеттерін дамыту. Балаларды шығармашылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын: «Бұл қай мезгіл?»**<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:«Гүлзарда-ғы гүлдер» (ұжымдық жұмыс)**<br>**Мақсаты**: Қоршаған әлемнің әсемдігін эмоционалды қабылдайды. Ұжымдық жұмысқа қатысады, қызығушылық танытады. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, қол қимылдарын дамыту.<br>**Дид-қ ойын: «Аппақ гүлдер, ақ гүлдер»**<br>**Музыка** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Дидактикалық ойын: «Ойыншықтарды атаймыз»** | **Тақ**<br><br>**Музыка**<br>**Музыка жетекшісінің жоспарымен жүргізіледі** | |
| **IVапта**<br><br>**«Мен жасай аламын»** | **Дене шынықтыру**<br>**Дене шынықтыру жетекшісінің жоспарымен жүргізіледі** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Көшбасшы»**<br>**Мақсаты:** Жеке тәжірибесінен суреттің мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастыруды бекіту. Тілде сөйлемдердің әртүрлі түрлерін, қосымшаларды қолдану. Тілдік ойындар мен жаттығуларды қолдана отырып, балалардың сөздік қорларын дамыту.<br>**Дидактикалық ойын**: «Топ көшбасшысы»<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Біздің көңіл-күйіміз»**<br>**Мақсаты:** Балаларды тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтауға үйрету. Ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасау. Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білу.<br>**Дид-қ ойын: «Көңіл күйіңмен бөліс»**<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тақырыбы: «Қайталау еліне саяхат»**<br>**Мақсаты:** 2-3 сөзден тұратын сөз тіркестерін, сөйлемдерді құрастыруға үйрету. Сөйлеу | **Математика негіздері**<br><br>**«Ойнайық та, ойлайық» (сайыс түрінде)**<br>**Мақсаты:** Балалардың ой-өрісін дамыту, айтылған сан бойынша заттарды санап шығу, танып, атай білуге, қанша? қандай? нешінші? деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге талап ету. Сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде дегенді ажырата білу ұғымдарын кеңейту. Уақытты бағдарлау жөніндегі білімдерін (таңертең, күндіз, кеш, түн) тереңдете түсу. Логикалық ойлау қабілетін, танымын дамыту.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:«Тірі және өлі табиғат» (білім сайысын өткізу)**<br>**Мақсаты:** Тірі және өлі табиғат құбылыстарын атауға үйрету.Табиғат құбыдлыстары туралы түсініктерін | **Сурет салу**<br>**ТАҚЫРЫБЫ: «ҒАЖАЙЫП СУРЕТ ӘЛЕМІНДЕ» (САЙЫС ӨТКІЗУ)**<br>**Мақсаты:**Балаларға бейнелеу өнерінің қыр-сырын жан-жақты жетілдіру. Олардың дүниетанымын, эстетикалық талғамын кеңейту. Сурет салу дағдысын, логикалық ойлау, еске түсіру, елестету қабілеттерін және шығармашылығын арттыру. Өнерге баулу, шығармашылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Гүлденген дала»**<br>**Мақсаты:** Қайшыны дұрыс ұстауға және оны пайдала алу дағдыларын қалыптастыру. Ересектердің көмегімен қағаз бетінде дөңгелек және сопақша пішіндерді қиюға дағдыландыру. Ұжымдық мазмұнды композицияны құрастыруға үйрету. | **Қоршаған ортамен танысу**<br><br>**Тақырыбы: «Мен жасай аламын»**<br>**Мақсаты;** Қарапайым тәжірибелерді жүргізуге қызығушылық пен зейін аударуға тәрбиелеу.Заттаарды белгелі реттеілікпен дағдыландыру.<br>**Дид-қ ойын: «Зататтарды орналастыр»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тілінде зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру. Заттардың кейбір қасиеттерін: пішінін атау дағдыларын дамыту.<br>**Дидактикалық ойын: «Көңілді текше»** | қалыптастыру. Тірі және өлі табиғат нысандары туралы білімдерін байыту. | **Дид-қ ойын: «Не қайда өседі?»**<br>**Музыка**<br>**Музыка жетекшісінің жоспарымен жүргізіледі** | |